Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№19 (1022)

14.05.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕРЕКЕ

ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫҚ БОЛСЫН!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі мұсылман қауым!

Сіздерді исі мұсылман баласының ұлық мерекесі – ораза айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын!

Отбасыңызға бақыт пен береке, деніңізге саулық, жұмысыңызға табыс тілеймін.

Ораза айт – жүрекке қуаныш пен мейірім сыйлайтын, адамзат баласын ізгілікке, достық пен бауырластыққа, қанағат пен қайырымдылыққа үндейтін мейрам.

Айт сөзі – мерекелеу, хал сұрасу, бір-бірін қуанту, қуанышқа топталу, қарымта деген ұғымды білдіреді. Ораза айт – қасиетті Рамазан айының аяқталғанын білдіретін мереке.

Жербетіндегі күллі мұсылман үмбеті айт күндері хал сұрасып, бір-бірін құттықтап, мәре-сәре күй кешеді. Сонымен қатар, көмекке мұқтаж жандарға жәр-демдесіп, оларды да қуанышқа бөлейді.

Алла Тағала: «...Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» дейді. Жаратушы Иеміз сіз бен біздің қуанышты күндерімізді еселей түссін деп тілеймін.

Ораза айт – отбасылық мереке. Айт күндері ата-анамызды, ұл-қыздарымызды, аға-бауырларымызды қуанышқа кенелтіп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен мүгедек жандарға көмектесудің сауабы мол.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қасиетті Рамазан айында еліміз бойынша ауыз ашар қораптарын таратып, қайырымдылық жобаларды жүзеге асырды. Сауаптар еселеніп жазылатын берекелі айда игі іске атсалысқан еріктілерге, демеуші азаматтар мен жомарт жандарға риясыз ниетпен айрықша алғысымды білдіремін.

Еліміздегі пандемиялық жағдайды ескеріп, Діни басқарманың пәтуасы мен мешіт тәртібіне бағынып, құлшылығын үйде орындап, оразасын оқшау түрде ұстаған жамағатқа да Алла разы болсын айтамын!

Құрметті жамағат!

Алла Тағала отыз күн бойы ұстаған оразамызды, жасаған дұғамызды, жәрдемге мұқтаж жандарға үлестірген садақамызды қабыл еткей!

Әр отбасына амандық, жақсылық тілеймін. Оразадан оразаға дейін аман-есен жете берейік! Жербетінен жұқпалы дерт жойылып, мерекелі, берекелі сәттерде жүздесуді жазғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин!

Наурызбайқажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти.

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

5,5 МЫҢ БАСҚА АРНАЛҒАН ҚҰС ФЕРМАСЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ БАСПАСӨЗ-ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАНУЫНША, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР КӘСІПКЕР АЙДАР МАМАНОВ 5,5 МЫҢ БАСҚА АРНАЛҒАН ҚҰС ФЕРМАСЫН АШУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР. НЫСАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛАДЫ.

Айдар Маманов 29 жаста. Алакөл ауданының Қызылқайың ауылында дүниеге келген. Жоғары оқу орнын бітіріп, Талдықорғанда әскери қызметте болды. 2016 жылы жазатайым оқиға болып, Айдар бел омыртқасының жарақат алды. Алайда ол ауыр сынаққа төтеп беріп, жігерліне түсті. Отбасылық кәсіпті жалғастырып, одан ары кеңейтуге шешім қабылдады.

«Жанұямыз бұрыннан құс шаруашылығымен айналысып келеді. Үй ауласында тауық, қаз және үйрек ұстап келгенбіз. Үйде бос отырмай, қолғабыс болып, отбасылық кәсіпті дөңгелетуді ойладым. Ата-анаммен ақылдастым. Шешімімді қолдады. Осылайша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына жүгініп, кәсіпкерлікті қолдау шаралары туралы кеңес алдым. Істің қыр-сырын үйрену үшін «Бастау Бизнес» жобасына оқуға жазылдым», - деді ол.

2019 жылы Айдар Маманов Алакөл ауданында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өтті. Онда алғаш рет бизнес туралы білім алып, кәсіпті жүргізу мен дамытудың қыр-сырын үйренді. Қайсарлық пен еңбек өз жемісін берді. Айдардың бизнес-жобасы мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландыруға қол жеткізді.

«Бір жыл бұрын «Даму» қоры бойынша 1 миллион теңге көлеміндегі грантқа, кейін «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде 2,5 млн. теңге сомасында қайтарымсыз грантқа ие болдым. Бұл қаражатқа инкубатор, шағын трактор, ұсақтағыш және басқа да қажетті жабдықтар сатып алынды. Қазір шамамен ай сайын 200-400 бас құс сатамыз. Болашақта құстардың саны көп болады. Себебі, құс фермасын ашуды жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті жас кәсіпкер.

Айтуынша, құс фермасы жеке қаражат есебінен салынуда. Алакөл ауданы Қызыл-қайың ауылындағы нысанның жалпы аумағы 7 гектар. Ферма 5,5 мың басқа есептелген, оның ішінде 3 мың қаз, 2 мың тауық және 500 үйрек болады. Кәсіпорынның табысты іске асырылуының нәтижесінде 15 жұмыс орны құрылатын болады.

Ш. ХАМИТОВ.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

«КОНТРАФАКТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Алматы облысы Әділет департаменті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұйытқы болуымен зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету, халықтың зияткерлік меншік мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру мақсатындағы 2021 жылғы 12-30 мамыр аралығында «Контрафакт» республикалық акциясы (онлайн форматта) басталды.

Аталған акция шеңберінде 12 мен 25 мамыр аралығында 10 жастан 15 жасқа дейінгі (10 жастан 12 жасқа дейін, 13 жастан 15 жасқа дейін) балаларға «Қазақстанда контрафактіге жол жоқ» тақырыбында үздік сурет бойынша республикалық байқау ұйымдастырылады. Байқау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Әділет департаменттерімен екі кезеңде өткізіледі.

Бірінші кезең – аймақтық, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Әділет департаменттерінде өтеді. Әділет департаменттері құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 2 күн ішінде байқау жұмыстарына комиссиялық қарау ұйымдастырады, оның нәтижелері бойынша әрбір жас санатындағы бір үздік жұмысты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жібереді.

Екінші кезең – республикалық, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде өтеді. Жеңімпаздарды іріктеу бойынша қорытынды кезең 2021 жылғы 31 мамырда өткізіледі. Байқау комиссиясы үздік жұмысты іріктейді.

Сонымен қатар, 2021 жылғы 12 мамырдан бастап 30 мамыр аралығында «Қазақстанда контрафактіге жол жоқ» тақырыбында үздік ұранға байқау (14 жас және одан жоғары жас санатында); аумақтық әділет органдарымен авторлар мен құқық иеленушілердің, кәсіпкерлердің, құқық қорғау органдарының қатысуымен Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша (бағдарламалық қамтамасыз етуге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне және тауарлардың шығарылған жерлерінің атауына құқықтарды сақтау, авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану мәселелері) онлайн семинарлар өткізу және де аумақтық әділет органдары мен жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен «Атамекен» ҰКП өкілдерімен және бағдарламалық қамтамасыз ету құқықтарын қамтамасыз ету бойынша басқа құқық иеленушілермен «бағдарламалық қамтамасыз ету: құқықтар мен шектеулер» тақырыбында онлайн форматында семинар өткізу (ҚР ӘМ) қарастырылып отыр.

Бұл ретте «Контрафакт» акциясының жеңімпаздарын онлайн форматта жариялау рәсімін өткізіп, жеңімпаздарды бағалы сыйлықпен марапаттау қарастырылған. Осыған байланысты Алматы облысы Әділет департаменті және ауданаралық Әділет басқармалары акция іс-шараларын өткізуде облыс жұртшылығымен, жастарды белсенді болуға шақырады.

Арман МҰХАМАДИЕВ,
Алматы облысы Әділет
департаментінің бас маманы.

ШАРА

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті механика-математика факультетінің «Математика» кафедрасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында ММ-20 тобының студенттерінің қатысуымен онлайн режимде Zoom платформасы арқылы «Тәуелсіздік – ел тұғыры» атты кураторлық сағат өтті. Аталмыш шара студенттерге тәуелсіздіктің қастерлігін ұғындыра отырып, тұрақтылық, келісім, ұлтаралық бірлікті нығайту кепілі жайлы түсінік беру, Отан туралы білімді кеңейту, мемлекет тарихына қызығушылықты дамытуды мақсат етті.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ

Кездесу өтуден бұрын студенттер ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі, жетістіктері, еңбектері туралы баяндама және презентация дайындап, көпшілікпен бөлісті. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, ММ-20 кураторлық топтың студенттері сабақ барысында Елбасының өмірбаянымен танысып, Қазақстан тарихына қатысты сұрақтарға жауап іздеді. «Ұлт Көшбасшысы» атты топтық жұмыс барысында тәуелсіздік алу жолындағы қиын-қыстау кезеңдерге, ұлт патриоттарының ерліктеріне қызығушылық танытқанын көрсетті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі, қызмет жолы туралы бейнероликтер тамашалады. Студенттер көптеген ақпаратпен танысып, өз арасында пікірталастар жүргізді.

Іс-шара үлкен танымдық, тәрбиелік және дамытушылық мәнге ие болды. Осы арқылы студенттерді Отанына құрметпен қарауға, елде болып жатқан оқиғаларды бақылауға, тарихын білуге және жаңа белестерді бағындыру жолындағы ерік-жігерін шыңдауға үлкен серпін берді.

Қ.ДОСМАҒҰЛОВА,
ҚазҰУ оқытушысы,
ММ-20 тобының куратор-эдвайзері.

МАМАН МІНБЕРІ

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК – ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ТІРЕК

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ – ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТЕҢДІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ.

Мемлекетіміз гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында айтарлықтай үлкен қадамдар жасауда, себебі бұл ең алдымен мемлекеттік әлеуметтік саясатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекетіміз Қазақстан әйелдерінің мәртебесі мен құқықтарына қатысты бірқатар ауқымды және халықаралық келісімдерге қосылды және бекітті.

«Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы қабылданған. Бұл тұжырымдама әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына тең үлесте қатысуы, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін пайдалануы, отбасында құқықтар мен міндеттердің тең жүзеге асыруы, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болуды қамтыған.

Біздің елімізде гендерлік саясат бойынша жұмысты жүргізу Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия үйлестіреді. Аталған комиссияның негізгі бағыттарынын бірі: отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Ел басшылығының гендерлік саясатқа көңіл бөлуі жақсы көрсеткіштерге алып келетіні сөзсіз. Әйел заты өздерінің жеке басының да, қоғамның да дамуының барлық процесіне тең дәрежеде қатысатын болады. Осының барлығы қоғамымыздың одан әрі өсіп-өркендеуіне ықпал етеді деп сенемін.

М.ДЖАНГАЗИЕВ,
№ 2 Кербұлақ аудандық сотының
бас маманы-сот приставы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЗДРАВЛЕНИЕ

С ПРАЗДНИКОМ ОРАЗА АЙТ!

С ИМЕНЕМ АЛЛАХА МИЛОСТИВОГО И МИЛОСЕРДНОГО! ВСЯ ХВАЛА ПРИНАДЛЕЖИТ АЛЛАХУ ГОСПОДУ МИРОВ. ДА БЛАГОСЛОВИТ АЛЛАХ НАШЕГО ДОСТОЧТИМОГО ПРОРОКА МУХАММЕДА!

Уважаемые мусульмане!

От всей души поздравляю вас с великим праздником мусульман – Ораза айт! Айт құтты болсын!

Желаю вам и вашим семьям счастья и благополучия, крепкого здоровья и успехов в работе.

Ораза айт - праздник, приносящий радость и доброту, побуждающий человечество к добру, дружбе и братству, довольству и милосердию.

Слово Айт означает праздновать, приветствовать, радовать друг друга, радоваться, отвечать взаимностью. Ораза Айт - праздник, знаменующий окончание священного месяца Рамадан.

В дни праздника все мусульмане мира распространяют приветствие, навещают друг друга, празднуют вместе с родными. Также помогают нуждающимся и радуют их.

Всевышний Аллах говорит: «...Они постились ради Меня, и Я воздам за это, с Моим дозволением разговляются, пусть они пребудут в радости...».

Праздник разговения - это семейный праздник. В этот день мы доставляем радость нашим родителям, детям, братьям и сестрам, помогаем пожилым людям, сиротам и инвалидам. За это Аллах записывает нам огромную награду.

В течении священного месяца Рамадан Духовное управление мусульман Казахстана инициировало раздачу продуктовых корзин на ауызашар и реализовывало благотворительные проекты по всей стране. Хочу выразить особую благодарность волонтерам, спонсорам и щедрым людям, принявшим участие в этом благом деле.

Пусть Аллах будет доволен джамаатом, который, учитывая эпидемиологическую ситуацию в стране, с пониманием отнесся к фетвам Духовного управления, соблюдал требования мечетей и молился дома!

Дорогой джамаат!

Да примет Всевышний Аллах наш пост, наши молитвы и наши пожертвования!

Желаю счастья каждой семье. Дай Аллах благополучие до следующего Рамадана! Пусть Всевышний искоренит вирус и даст нам возможность вновь встретить друг друга в добром здравии! Да хранит Аллах нашу страну! Амин!

Наурызбай кажы ТАГАНУЛЫ,
Председатель ДУМК,
Верховный муфтий

ЭКОНОМИКА

ПЛАНИРУЮТ ВВЕСТИ ЦИФРОВОЙ ТЕНГЕ

Национальный банк Казахстана планирует ввести в Казахстане для обращения новый вид валюты - цифровой тенге, передает zakon.kz.

Это новая форма денег в Казахстане, эмиссию которых будет осуществлять Национальный банк РК.

"Цифровой тенге не призван заменить наличные или безналичные деньги, а будет использоваться параллельно. Внедрение цифрового тенге позволит обеспечить дальнейшее развитие Национальной платежной системы и уменьшить зависимость от расчетов наличными ряду уникальных технологических характеристик"- заявили в Нацбанке.

В настоящее время НБРК проводит всестороннее исследование преимуществ и рисков цифровых валют, способа их эмиссии и распространения, используемой технологии, влияния на денежно-кредитную политику, финансовую стабильность и рынок платежных услуг.

"Для принятия решения о выпуске Цифрового тенге необходимо провести всестороннее исследование преимуществ и рисков с определением задач, решаемых цифровой валютой, способа ее эмиссии и распространения, используемой технологии, влияния на денежно-кредитную политику, финансовую стабильность и платежную экосистему, а также защите прав потребителей". - отметили в Нацбанке.

Как отмечается, новый вид национальной валюты будет доступен всем субъектам экономики при осуществлении ими платежей и расчетов.

Цифровой тенге будет выпускаться в формате уникальной цифровой последовательности, которая записывается в индивидуальные электронные кошельки и может перемещаться между ними. Нацбанк также рассмотрит другие варианты технологической реализации цифровой платформы.

При этом некоторые технологические подходы к реализации могут обеспечить обмен цифровыми тенге без подключения к сети Интернет. Вместе с тем цифровой тенге может быть использован для онлайн-транзакций.

Вместе с тем в Нацбанке отметили, что цифровой тенге существенно отличается от электронных денег.

"Цифровой тенге станет дополнительной формой денег, эмитируемой НБРК, тогда как электронные деньги существуют только в рамках инфраструктуры конкретной платежной системы и могут быть эмитированы, в том числе частными организациями. Иными словами, электронные деньги выполняют свои функции в рамках одной платежной системы и являются обязательством владельца этой системы", - пояснили в финрегуляторе.

Там назвали наиболее распространенные причины выпуска цифровой валюты: это повышение доступности финансовых услуг, улучшение эффективности платежей, развитие трансграничных платежных систем.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ОФИЦИАЛЬНО

ЕЛБАСЫ ПОСЕТИЛ ТУРКЕСТАН

Первый Президент РК Нурсултан Назарбаев заявил, что за многовековую историю Туркестан не видел такого возрождения. Он призвал привлекать в город ещё больше туристов и предрёк Туркестану быстрый рост населения. Об этом Елбасы рассказал на брифинге.

"Мы построили за годы независимости ещё один серьёзнейший объект – это город Туркестан. За многовековую историю никогда не видел Туркестан такого возрождения. Совершенно новый город, уникальный, восточный", – сказал Нурсултан Назарбаев.

Елбасы отметил, что архитектура города сочетает в себе древнетюркские традиции и современный стиль.

"И это будет уникальным местом не только для Казахстана, а для всех. Один этот "Караван-сарай" чего стоит и все остальные парки, объекты. Сейчас едешь, и как будто совсем в другом мире, в другом городе, которого не было. Поэтому я поздравляю всех туркестанцев с этим замечательным подарком государства вам, ваш подарок государству – это единство, сплочённость и труд ради нашей Родины. Желаю всего самого доброго!" – добавил Нурсултан Назарбаев.

Он призвал привлекать в город ещё больше туристов, как казахстанцев, так и соседей.

"Чем больше будет туристов, тем больше будет доход города от туризма. Многие страны половину своего дохода получают от туризма. Эти деньги будут идти на развитие. Ещё больше и больше мы будем готовиться принимать столько туристов, сколько сюда захотят", – сказал Елбасы.

Во время брифинга Нурсултан Назарбаев поинтересовался у акима области Умирзака Шукеева численностью населения Туркестана. Глава региона сообщил, что сейчас население города составляет 200 тысяч человек, до 2025 года ожидается увеличение до 300 тысяч.

"Вот увидишь – будет ещё больше. Мы когда строили столицу, то рассчитывали, что к 2030 году население достигнет миллиона человек. Сейчас там 1 млн 200 тысяч", – ответил Елбасы.

Он сообщил, что в Туркестане планируют построить 26 тысяч квартир за четыре года.

"Вот и считайте, ведь на юге в семье имеется по меньшей мере четыре ребёнка. Здесь семью, не имеющую пятерых детей, не считают за семью. Так вот, если посчитать коэффициент семейности, то есть увеличить в пять раз, – сколько народу здесь приобретёт квартиру и свой дом", – сказал Нурсултан Назарбаев.

«ALATAU-AQPARAT»

АКТУАЛЬНО

КАК БУДУТ СДЕРЖИВАТЬ ЦЕНЫ НА ПРОДУКТЫ

Глава Минторговли и интеграции на заседании правительства рассказал, в каких регионах Казахстана продукты подорожали больше всего, а также объяснил, как министерство планирует сдерживать рост цен .

Бахыт Султанов сообщил, что с начала года цены на социально значимые продукты питания выросли на 4,8%, а в апреле текущего года продукты подорожали еще на 1,7%.

Наибольший рост цен, по его словам, наблюдается в Атырауской области, а также в городах Нур-Султан и Шымкент. Наименьший рост цен зафиксирован в Алматинской, Карагандинской и Кызылординской областях. "Больше всего подорожала импортозависимая продукция, в том числе сахар, крупа гречневая, а также товары с высоким экспортным спросом.

Речь идет о подсолнечном масле и овощах, по которым традиционно наблюдается рост цен в межсезонье", - сообщил министр.

В этой связи он указал на необходимость принятия меры антимонопольного реагирования и держать на постоянном контроле вопрос недопущения ценового сговора доминирующих субъектов бизнеса. Это, по словам Султанова, позволит стабилизировать цены на продукты питания.

"В целях минимизации влияния мировых скачков цен на внутренний рынок ведется работа по насыщению рынка отечественными товарами. Так, планируется увеличить производственные мощности страны по шести основным импортозависимым продуктам питания (мясо кур, сахар, колбасные изделия, рыба, яблоки) и довести обеспеченность внутреннего рынка за счет отечественных товаров к 2024 году до 100%", - резюмировал Султанов.

СОБ.КОРР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИЦИНА

ҮСТЕМАҚЫ МЕН ЖАЛАҚЫҒА ЖАРЫМАҒАН ФЕЛЬДШЕРЛЕР

БАЯҒЫДА БІРЕУ: «ӨЛЕМ ДЕСЕ» ЕКІНШІСІ «КӨМЕМ» ДЕП ДҮҢК ЕТКІЗІПТІ. ОСЫ КЕРТАРТПА ТӘМСІЛ ТУРА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ДӘРІГЕРЛЕРІНЕ ҚАРАТЫП АЙТЫЛҒАНДАЙ. БАСҚА МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ҚАНДАЙ ЕКЕНІН ҚАЙДАМ, БІЗДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БИЛІККЕ ДЕГЕН ӨКПЕСІ ҚАРА ҚАЗАНДАЙ. БЫЛТЫРДАН БЕРІ ЕЛДЕ ӨРТТЕЙ ҚАУЛАҒАН ІНДЕТТІҢ БАС ЖАҒЫНДА ЖҮРГЕНДЕР ОСЫ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ. ШАҚЫРТУ ТҮССЕ ДАБЫЛДЫ ІСКЕ ҚОСЫП, НАУҚАСТАРҒА АЛДЫМЕН ЖЕТЕТІН ДЕ ЖЕДЕЛ-ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ. АЛАЙДА, ІНДЕТПЕН КҮРЕСЕТІН ДӘРГЕРІЛЕРГЕ ТӨЛЕНЕТІН ҮСТЕМАҚЫДАН ШЕТ ҚАЛДЫҚ, «АЛА ҚОЙДЫ БӨЛЕ ҚЫРЫҚҚАНДАЙ БІЗДІ ҮСТЕМАҚЫҒА ЖАРЫТПАДЫ» ДЕП, ӨТКЕН ЖЫЛЫ АҚТӨБЕ, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҰЛАР-0ДАЙ ШУЛАҒАН-ДЫ.

Енді, міне, үстемақы тұрмақ, айлық жалақымыз қысқарып, оның өзін уақытылы ала алмайтын болдық деп Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының жедел жәрдем қызметкерлері наразылық танытуда.

Азық-түлік, коммуналдық төлемдердің бағасы шарықтап, «шықпа жаным, шықпа» деп күнелтіп жүргендерге бұл «жығылғанға, жұдырық тиіпті» дегеннің кері емес пе? Әңгімені әріден таратып айтсақ, өткен жылы тура осы мамыр айында Ақтөбе облыстық жедел жәрдем бекетінің қызметкерлері арасында көлік жүргізушелер «үстемақы толық төленбеді» деп бас көтерген болатын. Олардың айтуынша, бекет басшылары уәде етілген 100 мың теңге үстемақының орнына 34 мың теңгеден төлепті. «*Сәуірдің соңында қолымызға 34 мың теңгеден үстемақы тиді. Құжаттарда әрқайсымызға 43 мыңнан берілді деп көрсетілген. Оның мыңға жуығын міндетті төлемдер үшін ұстаған. Сыйақыдан салық ұсталушы ма еді?! Қалған төлемді 11 мамырға дейін береміз» деп алдарқатып келді. Бүгін бесінші мамыр. Күн сайын басымызды қатерге тігіп жүргендіктен үстемақыны толық төлеуді талап етеміз*», – дейді жедел жәрдем көлігінің жүргізушілері. Олардың айтуына қарағанда арнайы жасақталған бригадалардың жүктемесі көбейіп кеткен күндері коронавируспен күреске де жұмылдырылатындығы. Күн сайын қауіп-қатердің бел ортасында жүрміз деген жүргізушілер тіпті сол тұста тәулігіне алатынымыз төрт бетперде, арнайы киетін костюмнің сыртында «одноразовый» (бір реттік) деп жазылған. Бір айдан бері берілгені осы бір түйір костюм ғана деп те налыды. Алайда, облыстық жедел жәрдем бекетінің бас дәрігері Марат Жанқұлов қызметкерлерінің сөзін жоққа шығарып, «*күніне әр адамға 8 маска беріледі, қорғаныш костюмдерін де жиі ауыстырамыз*» деп олардың сөзін жоққа шығарып, екі тарап бірін-бірі қаралап, ақталып әлек болған-ды. «Бақсам бақа екен» демекші, Ақтөбе облысында сол кезеңде коронавируспен күрес үшін арнайы жабдықталған 24 бригадаға тиісті төлем республика бюджетінен үзбей берліп, қалған 28 бригадаға ауру жұқтыру қаупі жоқ. Сондықтан оларды қолдап, облыс бюджетінен 100 мың теңгеден береміз дегеніміз рас. Бірақ бірден емес, бөліп береміз. Өйткені, елдегі экономикалық ахуал күрделі, – деген болатын сол кездегі Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы Әсет Қалиев. Осындай ереуілді Алматыда жедел жәрдем фельдшерлері де ұйымдастырды. «*Уәде етілген үстемақы төленбеді, COVID-19 жұқтырған дәрігерлер де уәде берілген 2 млн. теңгеден қағылдық, шыдамның де шегі бар*», деген фельдшерлер басшыларының үстінен арыз жазып құзырлы органдарға шағымданбақ болған. Коронавирустық инфекцияға шалдығып, уәде көмекті ала алмаған Алматы қаласындағы жедел-жәрдем орталығының фельдшері Айғаным Мәлтенбаева: «*Бізге бұл ақша төленуі керек болатын. Бірақ барлық тізімнен алып тастаған. Сол үшін өзімізге беруі керек ақшаны сұрауға және сол туралы бір шешім шығаруға мүдделіміз. Бөлімшеде жиырмадан астам адам ауырған болса, сол жиырмадан астамы бұйрық бойынша төлемақы бізге төленбеді*» дейді.

Жедел жәрдем орталығының сол кездегі директоры болған Біржан Оспанов: «Министрдің төртінші сәуірде шыққан бұйрығы бойынша ақпараттық- диспечерлік бөлім мен санитар мамандар сол бұйрыққа кірмеген. Олар ешқандай категорияға жатпайды» деп ақпарат берген-ді. Ал, әділдік іздеген фельдшерлер болса құзырлы органдарға шағым жазып, сотқа арызданған. Мемлекет басшысының уәде ақшасы түбінде бір төленеді деп үміт үзбегендердің заңды талабын қорғаған қорғаушысы Гүлнәр Жуаспаева: «Президент медицина қызметкерлеріне үстемақы беруді бұйырып, қажетті сомасын айтты. Ал, денсаулық сақтау министрлігі қазан айында Президенттің бұйрығына өзгертулер енгізді. Сол өзгертулерде жедел жәрдем қызметінің бір бөлігін үстемақыдан алып тастаған. Ал, заң бойынша қазанға дейінгі уәде етілген үстемақы төленуі керек. Фельдшерлер компромиске дайын. Басшылық сөзінде тұрып, компенсацияны уақытында төлеуі тиіс» деген-ді. Тура осындай шағымды, Шығыс Қазақстан облысы Өскеменде жедел жәрдем қызметкерлеріде көтерді. Мемлекет бұл қызметкерлерге 70 миллиард қарыз деп ұжымдық шағымға 315 адам қол қойған-ды. Індет жұқтырғандарды тасымалдап жүріп, өздері де осы кеселді жұқтырып алғандары жайлы айтқан фельдшерлер мен жүргізушілер денсаулық сақтау министрлігі ұсынған үстемақы 425 мың болса, қызметкерлер 50-80 мың теңгенің айналасында алатындарын айтқан-ды. Бұл өткен жылдың дау-дамайы болатын. Алайда жедел-жәрдем қызметкерлерінің шуы әлі басылмай тұр. Үстемақы тұрмақ жалақыға жарымадық деп Алматы облысының жедел жәрдем қызметкерлері ереуілдетті. Мұнда да фельдшелермен жүргізушілер наразылығы.

Есік қаласындағы жедел жәрдем қызметкерлерінің айтуынша, соңғы кездері жалақы дұрыс төленбей, үзіліп-жұлынып төленіп, маңдай терлерімен тапқан нәпақалары қысқарыпты. Үстемақыдан үміттерін үзгендер «енді жалақыға зар болдық» дейді. Олардың бұл назарлықтарымен келіспеген облыс орталығының директоры Савелий Пакты түтіп жеп қоя жаздады. Жалақыларының жырымдалғандарына бірнеше айдың жүзі болғанын, күнкөрістің қиындағандарын Савелий Пактың алдында жайып салды. Пандемия басталғалы бері қауіп-қатерге басымызды тіксек те үстемақы тұрмақ жалақыға жарымадық деген 200-ге жуық қызметкер еңбектерінің елеусіз қалғанына наразы.

Әсел Құрманақын, фельдшер: «*Сәуір айында тоғыз ауысымда жұмыс істедім. Сондағы алғаным 76 мың 855 теңге. Тоғыз ауысым, сосын наурызда қалған бір ауысымды төлеп береміз деген. Сонда менде 10 ауысым болады. Бірінші санатқа 8-ден 20 мыңға дейін төленеді бір ауысымда. Демек 180 мың теңге алуым керек қой*».

Жәнібек Ақбас, жедел жәрдем жүргізушісі: «*Осыдан бір ай бұрын жиналыс болып, сол кезде айтқан: «жүргізушілердің айлығы жалақы көлемінде 105 мың және әрі қарай қосылады» деген. Ал осы айда 105 мың да ала алмай қалдық. Бұрыннан бері 10 ауысым істегендер бар, солардың бәрі 80-90 мың алып қалды. Бұрынғы 105-ке де жетпей қалды. Еңбекақыларын даулағандарды жергілікті басшылық қырық сылтау айтып маңайына жуытпайды екен. Бұлар да коронавирусқа қатысты төленетін үстемақы түсімізгеде кірмейтін болды*» деп шулайды.

Гүлмария Сауытова, фельдшер: «*Пандемия басталғалы мәселесіміз көбейді. Жұмысымыз ауыр. Бірінші, екінші және үшінше кезеңде де соқыр тиын үстемақы көрмедік. Оған қоса сыйақыдан қағылдық. Жығылғанға жұдырық дегендей, жалақымызды кешігіп түсетін болды*».

Қоластындағы қызметкерлердің жалақыларының жұлымданғанына облыс орталығынан барған Савелий Пак: « Бұлай болуы мүмкін емес» дегенде, қолдарындағы құжатпен басшыларын тырп еткізбеген фельдшерлер алған ебекақыларының түбіртегін көрсетті. Қызметкерлердің дәлелімен танысқан ПАК мырза ақырында «жекелеген жағдайда келеңсіздік болуы мүмкін» деп ақталды. Оның айтуынша, кадр бөліміне фельдшердің еңбек өтілі мен санатына қатысты дұрыс ақпарат жетпегенмыс. Ауылдық жерге төленетін үстемақы да ескерілмей қалуы мүмкін деп жырымдалған жалақының өзге де себебін түсіндірді.

«Соңғы екі айды салыстырсақ, наурыз шартты түрде қымбат ай саналады. Мерекелік күндер көп. 192 сағат жұмыс істеген фельдшерлердің шындығында жұмысы артып, соған сәйкес жалақыны көп алады. Ал сәуірде жұмыс уақыты 174 сағатқа дейін қысқарды. Бірақ, бірде-бір қызметкер 170-180 мың теңгеден кем алған емес. Бізде барлығы ашық, оны бухгалтерлік есептен көруге болады. Ал, жалақыға қатысты олқылық анықталса, төлем жасалады» – деді ол.

ТҮЙІН ОРНЫНА: Елдің бәрі еріккенен ереуілге шығама, егер де жергілікті билік солардың мұңзарына дер кезінде құлақ асып, түйткілдерін шешіп берсе, «Құда да, құдағи да тыныш болмай ма?». Өткенде, базардағы шағын кәсіп иелері дүрлікті, араға апта салып жедел-жәрдем қызметкерлері шулады. Савелий Пак мырза айтқандай, расыменде олқылықтар кеткен болса, басшы неге оны өз тарапынан ертерек аңғармаған. Міндетті түрде наразылық білдіргенде, ақпарат құралдары шулағанда атқа қону керек пе? «Біреудің жоғын біреу, өлең айтып жүріп іздейді» деген осы ғой!

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

12 МАМЫР –ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕДБИКЕЛЕР КҮНІ

МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ

НАУҚАСҚА ДӘРІГЕРДЕН КЕМ ҚАРАМАЙТЫН ДЕНСАУЛЫҚ ЖАНАШЫРЛАРЫ – МЕДБИКЕНІҢ АРҚАЛАҒАН ЖҮГІ АУЫР-АҚ. БҮГІНГІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТҰСЫНДА ДӘРІГЕРЛЕРМЕН БІРГЕ МЕДБИКЕЛЕРДІҢ ДЕ ТЫНЫМ ТАППАЙ ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕТІНІ БЕЛГІЛІ. МЕДИЦИНАНЫҢ НЕГІЗГІ КҮШІ САНАЛАТЫН МЕДБИКЕЛЕР СЫРҚАТТЫҢ КЕЛІП ТҮСКЕНІНЕН САУЫҒЫП, АЯҒЫНА ТҰРЫП КЕТКЕНІНЕ ДЕЙІН БӘЙЕК БОЛАДЫ. ОЛАРДЫҢ ГИППОКРАТҚА БЕРГЕН АНТЫНА БЕРІКТІГІ ОСЫДАН БІЛІНСЕ КЕРЕК.

Ақ халаттылардың айнымас серігіне айналып, науқастардың дертіне дауа дарытуға атсалысып жүрген денсаулық сақшысының бірі ретінде Айгүл Мұратбекованың еңбегін ерекше атауға болады. Ол 1989 жылы Талғар қаласындағы медициналық колледжді бітіріп, алғашқы еңбек жолын Алматы қаласындағы №3 емханада бастаған. 1993-2006 жылдар аралығында Ақсу аудандық орталық ауруханасының реанимация бөлімінде медбике-анестезист ретінде қызмет жасаған. 2006 жылдан бері Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада реанимация бөлімінде медбике-анестезист болып еңбек етуде. Отыз жыл бойына үстінен ақ халатын бір сәтке тастамаған **Айгүл Әлсейітқызы**

бүгінге дейін өзіне жүктелген сенімді абыроймен атқарып келеді.

«Өз мамандығын сүйетін екі адам болса, соның бірі – менмін. Науқастарға сапалы ем жасау өз алдына, адамдарға мүмкіндігімше көмектесуді басты парызым деп санаймын. Дәрігер Гиппократ антына да, өз арына да адал болуы тиіс», – дейді ол.

Мейірбике ісі жауапты, қиын да қарапайым, әрі адалдықты қажет ететін кәсіп. Облыстық аурухананың реанимация бөлімінде қызмет жасайтын **Ақтолқын Қарсенбаева** сондай

қасиеттерді бойына жиған жан. Медбике ісінің қыр-сырын жетік меңгерген ол бұл қызметті 1998 жылдан бері атқарып келеді, яғни, 22 жыл бойы тапжылмай осы салада еңбек етуде.

«Мен өзімді бақыттымын деп есептеймін. Әке-шешемнің үмітін ақтадым. Көрші-қолаң, достарым, ауылдастарым, әсіресе, үлкендер жағы «қолыңнан айналайын» деп көрген жерде алдымнан кесіп өтпейді, батасын береді. Мереке қарсаңында өзіммен бірге осы жұмыстың ыстық-суығына бірдей төзіп жүрген барлық әріптес қыздарымды құттықтағым келеді. Адамдардың ықылас-ниеті, алғысы бізді мерейлендіреді. Сондықтан, біздің

12 мамыр – Халықаралық медбике күні ретінде кеңінен атап өтіледі. Бұл күн медбике кәсібінің негізін қалаушы ұлыбританиялық медбике Флоренс Найтингейлді еске алу мақсатында белгіленген. Қазіргі таңда еліміздегі 100 мыңға жуық медбике – халықтың денсаулығын нығайтып, оларға қолжетімді әрі тиімді медициналық көмек беруде үлкен күшке айналып отыр.

қыздар әрқашан қызметіне адал болуды зердесіне жаттап үйренген», – дейді жүрегі мейірімге толы Ақтолқын Ақжолтай.

Сырт қарағанға медбике қызметі қиын жұмыс тәрізді көрінбейді. Бірақ медбике науқастың денсаулығына дәрігерден кем жауап бермейтіні сөзсіз. Дәрігер науқасты тексеріп, тағайындауын жазып берген соң, әрі қарай бар жұмысты медбике орындайды. Егуін жасайды, дәрісін уақытылы береді, төсек-орын, ас-ауқаты, хал-ахуалын күні-түні бақылап, науқасқа қарайтын да осы медбикелер. Олардың төтенше жағдай кезіндегі жұмысы тіптен ұшан-теңіз дерсің?!

«Адам өзін жақсы көруі керек. Ал өзін жақсы көру – әдемі киіну, жұртқа жақсы болып көріну емес, денсаулығын күту». Бұл – Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада бас медбике болып қызмет атқарып келетін **Ақбөпе Тұрлыбаеваның** айтқаны.

Медицина саласында жиырма жылдан аса уақыт еңбек етіп келетін облыстық аурухана бас медбикесі қарамағындағы қызметкерлердің әрқайсының білімі, мінез-құлқы әртүрлі болғандықтан, олардың әрбірімен жеке-жеке жұмыс істеп, бағыт-бағдар көрсету басты міндеті екенін де айтты. *«Жалпы медбикелерге қанша ізденсе де артық етпейді. Өйткені, адам жанына араша түсу білім мен біліктілікті талап етеді»*, – деген кейіпкеріміз өзінің осындай дәрежеге жетуі еңбек пен ізденімпаздықтың арқасы екенін де жасырып қалмады.

«Медбике болып қызмет істеу оңай емес екені беседен белгілі жайт. Әсіресе, қазіргі ел ішінде орын алған төтенше жағдайда оларға жүктелер міндет де орасан. Неге десеңіз, біздің саладағы басты күш медбикелерге түсетіні анық. Олар науқастардың бабын табуға тырысып-ақ бағады. Осы мереке қарсаңында әріптестеріме шыдамдылық пен сабырлық тілеймін. Денсаулықтары мықты болып, халыққа адал қызмет етіп, өз істерінің жемістерін көре берсін дегім келеді» – деп ағынан жарылды өз ісінің шебері.

Бас медбикенің айтуынша, бүгінгі төтенше жағдайға байланысты облыстық ауруханада коронавирусқа қарсы күресте дәрігерлермен бірге алдыңғы шепте жүрген 140-қа жуық медбике бар. Олардың бәрі елдің амандығын ойлауда өз міндетін жауапкершілікпен атқарып келеді.

Халық денсаулығы үшін күресте аянбай еңбек етіп келетін мерейлі мамандық иелеріне амандық тілейміз. Ақ халатты періште деген атқа ие барлықтарыңызды осындай мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтап, бақыт пен сәттілік тілейміз.

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.

ОНЛАЙН КЕШ

АҚИЫҚ АҚЫНҒА АРНАЛДЫ

«ГЕОГРАФИЯ, ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ КАДАСТР» КАФЕДРАСЫНЫҢ 4 КУРС «ГЕОГРАФИЯ» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ӨЗГЕРЕДІ МҰХИТТАР, ҚҰРЛЫҚТАР ДА» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ОНЛАЙН КЕШ ӨТТІ.

Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай өткізілген кешке Түркия Республикасының Элязыг қаласындағы Фырат университетінен филология ғылымының докторы, профессор Еркан Алкаиа мырза студенттерімен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, ф.ғ.д. Сәуле Баймырзақызы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттерімен, Мұқағали Мақатаевтың туған жері Қарасаз мектеп-гимназиясы директорының орынбасары Нұрбақыт Оразғалиұлы оқушыларымен, Кеген ауданының № 3 мектебінен Айнұр Әділханқызы оқушыларымен, Еңбекшіқазақ ауданынан Райымбек батыр атындағы мектептен Қарлығаш Нұрпейісқызы оқушыларымен және Алматы қаласындағы № 198 мектептен Сымбат Қанатқызы оқушыларымен қатысты.

«Сарыжайлау» әнінің ырғағымен басталған кешті модератор география ғылымының кандидаты Әлім Төлекұлы жүргізіп отырды. Алдымен, Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен өлеңдері туралы дайындалған слайд пен фильм көрсетілді. Барлық қатысушы ақын өлеңдерін оқыды. Алғаш болып өлең оқыған Мұқағали Мақатаевтың ауылынан қатысып отырған оқушылар болды.

Ақынның табиғат туралы өлеңін Түрік Республикасынан қатысқан филология ғылымының докторы, профессор Еркан Алкаиа мырза нақышына келтіре оқыды. Қарасаз мектеп–гимназиясының оқушылары Сымбат Ғазиздың, Аружан Тұңғатардың, Қазына Мұхтардың, Әдемі Естеудің, Кеген ауданы №3 мектебінің оқушылары Шырай Саянқызы мен Рақымбек Азаматтың, Алматы қаласындағы № 198 мектеп оқушылары Бекнұр Сыдық пен Анелья Құдайбердиеваның, «География» мамандығы студенті Нұрсәуле Пернебектің және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенттері Ақниет Ишанова мен Аида Қарсыбайқызының оқыған өлеңдері көпшілікті тәнті етті.

Ә. МЫЛҚАЙДАРОВ,
«География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының доценті,
И. САРСЕНОВА, PhD доктор.

Дүйсенбі - Понедельник, 17 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00 02.35 Әнұран
06.05Д/ф «Дала өркениет»
06.30«Masele»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 «Асау Толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.00,17.00,20.00,01.55 «AQPARAT»
13.10 «Замандастар»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Арта»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Біздің полиция»
17.20 «Көңіл толқыны»
20.35 «Ashyqalan»
22.30 «Махаббат мұнарасы»
23.55«Тәуіп Хо Жун»
00.50 «Жүзден жүйрек» (қайталау)
08.40 «Т/х «Жимаудың жетістігі»
10.30 «Девушка с глазами цвета неба»
14.10 «Несмешная любовь»
16.00 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.00 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Девять жизней»
00.00«Чума»
01.30«Ф.И.Л.И.Н»
02.20 Астарлы ақиқат
03.05 «Жимаудың жетістігі»
04.20-05.50 Кешкі жаңалықтар

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Бауыржан шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.30 «Әсем әуен»
11.00 «Қолда я жолда»
12.00 «Бәсеке»
13.15,23.30 «Егіз жүрек»
15.00«Бүгін»
17.00 «Метод Фрейда»
18.00 « Оружейный барон»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бығыт»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00«Ұрланған тағдыр»
08.00М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30,23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.10 «Гризли и лемминги»
15.30,03.50 «Интерны»
16.00,03.05 Үздік әндер
16.30 «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 Astana times
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Q-travel»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00Т/х «Аға»
06.40, 04.05 «Той заказ»
07.10, 03.30 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,03.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Ничто не случается дважды »
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Т/х «Фальшивомонетчики»
00.30 «Женская версия. Чисто советское убийство»
01.20 «Свадьбы и разводы»
02.10 «П@утина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Мәссаған»
08.10ДАУ-ДАМАЙСЫЗ»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-обзор»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ковид-обзор»
22.10 «Қорғансыз» телехикаясы 25-серия
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
06.00 «Армагеддон»
06.30 «Неге?»
08.20 Х/ф «Герой»
11.00,00.30 Т/х «Ананди»
12.30«Күн әміршісі»
14.10 «What'Up?»
14.30 М/ф «Красные туфельки и семь гномов»
16.30 «Такси»
17.00 «Экстрасенсы-детективы»
18.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 «Повелитель солнца»
22.20 «Турист»
00.40 «Кел, татуласайық!»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00«Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна-online»
07.30«Зың-зың Кулпәш»
08.30,15.00«Құтты қонақ»
08.50 «Избранница»
13.00 «Бастфқ боламын»
14.00 «Q-елі»
15.30 «Япырай»
16.00,01.00 Т/с «Крепостная»
17.00 «Идеальная семья»
18.10,00.00 «Хорошие руки»
19.20 «Куба»
21.00 «Няняman»
21.30 «Изоляция»
22.00,03.00 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
02.00 «Регина +1»
05.00 Т/х«Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 18 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00,03.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Дала өркениеті»
06.25,13.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.10,21.30 «Замандастар»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Жан жылуы»
17.20 «Арнайы жоба»
20.35«Ashyq alan».
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.30 Т/х «Ахмет Ясауи»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
01.00 «Ashyq alan».
01.45 «Жан жылуы»
02.10 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.03 «Бауыржан -шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
10.15,21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Бәсеке»
13.15,23.30 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Метод фрейда»
18.00 «Голодный кролик атакует»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
20.50 «Как боролись с эпедемиями в Казахстане»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр», 08.00М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Гризли и лемминги»
15.30,03.50 Т/с «Интерны»
16.00,03.05 «Үздік әзілдер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х « Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Аға»
06.40 «Той заказ»
07.10 «Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30,03.00 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Ничто не случается дважды»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Фальшивомонетчики»
00.30 «Женская версия. Чисто советское убийство»
01.20 «Свадьбы и разводы»
02.10 П@утина

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.25 Т/х «Улы тамшылар»
10.10 НОВОСТИ
10.50 «Кто ты?»
11.50,01.30«Чума»
13.50 «Девять жизней»
16.00«Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.20 Кешкі жаңалықтар
20.00,02.15 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.45 «Девять жизней»
00.00 «Чума»
03.00 «Тұмар»
03.50 Т/х « Жимаудың жетістігі»
04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-обзор»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ковид-обзор»
22.10 «Қорғансыз» телехикаясы 26-серия
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Ризамын
06.40 «Армагеддон»
07.40 Информбюро
08.40«What'Up?»
10.00 Экстрасенсы-детективы
11.00,23.30Т/х «Ананди»
12.40 «Күн әміршісі»
14.20 «Шпион по соседству»
16.30 «Тахі»
17.20 Экстрасенсы-детективы
18.00 «Кел татуласайлык»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х « Чужой»
01.00«Кел татуласайлык»
02.30 Алдараспан,Нысана ,Шаншар әзілдері
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30, 14.00 «Q-елі»
08.30,05.00«Құтты қонақ»
09.00,02.00 «Регина+1»
10.00,17.00 «Идеальная семья»
11.00,19.20 Т/х «Куба»
13.00 «Бастық боламын»
15.00 «Құтты қонақ»
15.30,21.30 Т/х «Няняman»
16.00,01.00 Т/х«Крепостная»
17.20,02.00 Т/х «Психологини»
18.20,00.00 Т/х «Хорошие руки»
21.30 «Изоляция»
22.00,03.00 Т/х «Серт пен Сезім»
05.00 Т/х«Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 19 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Дала өркениеті»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.10, 21.30 «Замандастар»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 «Ауылдастар»
16.30, 01.50 «Келбет»
17.20 «Көңіл толқыны»
20.35, 01.00 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Ахмет Ясауи»

ХАБАР

06.00 Әнұран
06.00 «Бауыржан шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Бәсеке»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «Метод Фрейда»
18.00 Мегахит «Ограбление код 211»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 М/ф «Гризли и лемминги»
15.30, 03.50 «Интерны»
16.10, 03.05 «Үздік әзілдер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тракторшының махаббаты»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Ничто не случается дважды»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Фальшивомонетчики»
00.20 «Женская версия. Чисто советское убийство»
01.20 «Свадьбы и разводы»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Улы тамшылар»
10.10 Новости
10.50 «Кто ты?»
11.50, 00.00 «ЧУМА»
13.50, 21.40 «Девять жизней»
16.00, 01.30 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.00 «Тұмар»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.40-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-обзор»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.20 «Спорт»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ковид-обзор»
22.10 «Қорғансыз» телехикаясы 27-серия
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50 What s Up?
09.50, 17.00 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 Сериал «Күн әміршісі»
14.10 «Восьмидесятые»
15.20 «Чужой»
16.30 «Такси»
17.00 What s Up?
18.00, 01.00 «Кел татуласайык»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х «Чужой»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,15.00 «Құтты қонақ»
09.00, 02.00 «Гегина +1»
10.00, 17.00 «Идеальная семья»
11.00, 19.20 Сериал «КУБА. Личное дело»
13.00,22.00 Т/х «Бастық боламын»
15.30,21.30 Т/х «НЯНЯMAN»
16.00,01.00 Т/х «Крепостная»
18.10, 00.00 «Хорошие руки»
21.30 «Изоляция»
22.00, 03.00 Т/х «Серт пен Сезім»
05.10 Т/х «Жеңіп көр!»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

БАЛА ҚАЛАУЫН ОРЫНДАЙМЫН ДЕП...

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ДҮКЕН СӨРЕЛЕРІНДЕ СҰРАНЫСҚА ИЕ ТЕХНИКАНЫҢ БІРІ – САМОКАТ. ОНЫҢ ПАЙДАСЫНАН ЗИЯНЫ КӨП ЕКЕНІН БІЛСЕ ДЕ, СОЛ САМОКАТТЫ БАЛАЛАРЫНА САТЫП АЛЫП БЕРЕТІН АТА-АНА КӨП.

«Кешке жақын жасы 6-7 шамасындағы ұл бала зуылдап алдымнан самокатпен шыға келді. Мен көліктің сигналын басып едім, ол сасқалақтап, орнында тұрып қалды. Баланы қағып кететінімді біліп тежегішті басып көлігімді жолдың шетіне қарай бұрдым. Сөйтіп, мәшинем ағашқа соғылды. Құдай оңдап жаақат алмадым. Есесіне шығынға ұшырадым. Бұл жағдай басқалай орын алуы да мүмкін еді ғой. Түсінемін, менде де бала бар. Олар да самокатқа қызығады. Бірақ, көліктер ағыл-тегіл жүретін жерде самокатты тебу қауіпті екенін ата-аналары ескерту керек қой» – дейді ауыл жүргізушісі Нұрлыбек Жарылқасынұлы.

Сатылымдағы көздің жауын алатын самокаттардың бала өміріне қауптілігі туралы көп жағдайда ескере бермейміз. Ал, техниканың дамуы сонша күн санап түрлі үлгісін көретін болдық.

Велосипед пен мопедтер, сегвей, гироскутер, электр скутерлер және самокаттар. Алғашқы екеуі қоғам өміріне әуелден енсе, соңғылары қолданысқа кіргеніне көп бола қойған жоқ. Дей тұрғанмен, қазір әр үйдің баласында бір самокаттан бар.

Мамандар пікірінше, балаларға арналған самокаттың белдің бүкірлігіне әкелу қаупі бар екен. Яғни, еңкейіп барып, күш түсіріп жүргізетін бұл құрал омыртқаға зиян көрінеді. Қалай дегенмен, баланың қалауын орындаймын деп қапыда қалып жүрмейікші. Бұл туралы сіз не ойлайсыз, көзі қарақты оқырман?!

А. ӘСКЕРБЕК.

ОҚУ ОРНЫ

ДАРЫНДЫЛАР МЕКЕНІ

ЕЛІМІЗДІҢ ҚУАТЫ МЕН ЖЕТІСТІГІНІҢ БІР КӨРСЕТКІШІ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ. ОСЫ ТҰСТА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БІРІ – ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ТУРАЛЫ СӨЗ ЕТПЕКПІЗ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – тарихы терең оқу орны болып саналады. Өткенімізге мойын бұрмай бүгініміз бен болашағымызды бағалау мүмкін емес, ұлттың дамуы үшін тарихи сауаттылықтың маңызы зор. 1933 жылдың 20 қазанында ССР Одағының Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстан үшін мамандар даярлау және Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы» № 2293 Қаулысы қабылданды. Осы қаулыға сәйкес, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабырғасы 1934 жылы қаланды. Сол жылдың қаңтар айынан бастап ұлттың болашағы жолында білім беріп келеді. 1991 жылы 23 қазанда ҚазССР Министрлер Кабинетінің № 629 қаулысымен Мемлекеттік университетке түркі әлемінің бірінші ұстазы әл-Фарабидің есімі берілді. 1993 жылдың 9 қаңтарындағы №1059 Елбасы Н.Назарбаевтың қаулысымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болып өзгертілді.

Университетті еліміздің білім жолындағы «қара шаңырағы» деп атауының өзі үлкен мазмұнға ие. Білім шаңырағында ұлттық мүддені миссиясы деп білген, ұлтымыздың тағдырына тұмар болып тағылған азаматтар қызмет атқарды. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан болады» деген Абай Құнанбаев. Қазақ ұлттық университетінде кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов, ғалым Қаныш Сәтпаев, тарихшы Ермұхан Бекмаханов секілді тұлғалар ұстаздық етті. Білім мен ғылымның, өнер мен тәрбиенің асыл қазынасын, болашағының жүрегіне жылу, арқасына жүк ету жолында саналы ғұмырын сарп еткен ұлыларды атамай өтуге болмас. Қазақ ұлттық университетінде бірегей тұлғалар мен қоғам қайраткерлер Ә.Кекілбаев, З.Қабдолов, М.Мағауин, Д.Исабеков, О.Сүлейменов, Ә.Нұршайықов сынды көркем сөздің хас шеберлері білім алған.

Қазіргі таңда университет 16 факультетке жүйеленген 180 мамандық бойынша студенттерді оқытады. «Заман талабына сай болуымыз керек» деген ұранмен мүйізі қарағайдай дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін біраз реформа қабылданып, өзгерістер енгізілді. Осындай өзгерістерден білім жүйесі де тыс қалмады. Он жыл бұрын еліміз, соның ішінде алғашқы болып Қазақстандағы білім берудің альма-матері әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті алғашқы боп еуропалық Болон жүйесіне көшті.

Болон декларациясының қағидасы бойынша мамандарды дайындаудың үштік моделі жүзеге асырылды: бакалавр – магистрант – PhD докторант. Сол арқылы студент тәжірибелік-шығармашылық дағдыларын дамытып, жоғары білім ала алады. Әрі академиялық ұтқырлық аясында ҚР профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің академиялық мобильділігі жүзеге асты. Қазақстандық университетте оқитын жастар уақытша ауысыммен еуропалық университеттерде оқып, тәжірибе алмасады. Шетелдік жүйемен оқытудың нәтижесінде ЖОО дипломы Еуропа елдерінде мойындалады. Демек, бұл жүйе студенттерге көптеген мүмкіндік ашуда.

Студенттердің сапалы білім мен рухани тәрбие алуына ҚазҰУ қалашығында барлық жағдай жасалған. Мысалы, интернет орталығы, Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, мұражай, тамақтандыру комбинаттары, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, компьютерлі-техникалық жабдықтар, WI-FI сымсыз интернет желісі, ауқымы кең спорттық кешен орналасқан. Университеттің 16 факультетінде оқитын 25 мың студент пен магистранттарға, докторанттарға және 3000 оқытушы мен қызметкерлеріне білім алу үдерістеріне ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсететін әл-Фараби атындағы кітапхана жұмыс жасайды. Кітапхана қорына 3 миллионға жуық кітапты сыйғызған бұл орын – Орта Азиядағы ең үлкен университеттік кітапхана болып табылады. ҚазҰУ студенттерін ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету қызметінде бұл кітапхананың маңыздылығы өте жоғары. Covid-19 індетінің белең алуы жағдайдың өзгеруіне себеп болды. Университет карантин жағдайына байланысты қашықтан білім беру режиміне көшті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқыту жүйесі ZOOM және Teams платформалары арқылы жүзеге асуда. Еліміздегі төтенше жағдайға қарамастан, жастар белсенділіктерін жоғалтқан жоқ. Білім ордасы студенттердің қоғамға етене араласуын, сабақтан тыс қоғамдық шараларға атсалысуын ұйымдастыруда. Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығына орай университет қабырғасында «Фарабитану» саласы бойынша түрлі ғылыми шаралар өткізілді. Қазақтың бас ақыны Абайдың 175 жылдығы назардан тыс қалмағаны белгілі.

Ұлы даланың жетекші оқу орны ғылыми теориядан бөлек тәжірибеге де аса көңіл бөледі. Кез келген мамандықтың өзгермейтін аксиомасы, сақталатын қағидаты мен ережелері бар. Сондықтан заман талабына сай жаңашылдық пен дәстүрлі білім беру тәсілін жанастыра алатын, сапалы оқу ордасынан білім алып, сол білім арқылы елге адал қызмет ету - барша қазақстандықтың міндеті. Сапалы да саналы ұрпақ – еліміздің алға басудағы үміті, дүбірлі додада озып шығатын дүлдүлі.

Р. ДӘРМЕНҚҰЛОВА
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
Е.ЕКПІН, филология факультетінің 3-курс студенті.

МАМАН МІНБЕРІ

Экскурсовод болу үшін ең алдымен адамға білім мен сауаттылық қажет. Сондай ақ, өзін-өзі ұстау мәдениеті, шыдамдылық, дауыс дикциясының таза болуы, аудиторияға тез арада бейімделгіш және кез келген мәтінді тез меңгере алатын қасиеттері болуы тиіс.

ЭКСКУРСОВОД – МУЗЕЙ АЙНАСЫ

Экскурсия – негізі өнерді дәріптеудің таптырмас мүмкіндігі дер едім. Өйткені экскурсовод өнердің барлық саласымен тығыз байланыста болады.

Себебі негізгі ақпараттық залдармен қатар, көптеген уақытша көрме залдарында өнердің әр саласы бойынша көрме ұйымдастырылады. Осы тұста экскурсовод көрмеге қойылған жәдігерлердің жасалу стилі, жанры, ерекшелігі туралы нақты дерек көздері бойынша ақпарат беруге міндетті.

Экскурсоводтың сөз өнерін игеруі – экскурсияның сәтті өтуіне әсер етеді. Сондықтан оратор өнеріне негізделген педагог, лектор тәжірибесі - экскурсия жетекшісіне өз мамандығын шыңдауға септігін тигізбек. Айтылған сөз грамматика жағынан дұрыс, дәл, мәнерлі, ерекше және үнемді болу қажет.

Кез келген мамандықтың қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Экскурсовод мамандығының қызығына тоқталар болсам, әрдайым қызметіміздің сапасын арттыру үшін қызықты ақпарат көздерін іздеу, жас ерекшелігіне қарай мәтін құрастыру, қызықты адамдармен кездесу, тарихыңды танып білу үшін еліміздің киелі орындарына саяхаттау, әңгіме өрбіту мен пікір алмасу сияқты қарқынды жұмыстар жүргізіледі.

Ал қиындығы менің ойымша, таңертеңнен жұмыс уақытының соңына дейін үзіліссіз сөйлеу, аудиторияға бейімделу, аз уақыт ішінде жаңадан қосылған жәдігер туралы ақпарат меңгеріп алу секілді жұмыстарды айтуға болады. Жалпы экскурсовод өте қызықты мамандық. Тас дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі еліміздің тарихы ме мәдениетін таныстыру - үлкен құрмет пен зор мәртебе. Музейге көптеген делегация өкілдері, қазақстандық және шетелдік қонақтар келеді. Жұмыс өте қызыққа толы болғандықтан, уақыттың қалай өткенін білмей қаласың. Экскурсовод маманының кәсіби біліктілігін арттыру, музей қызметкерлерінің жұмысын насихаттау мақсатында М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі жыл сайын кезекті дәстүрлі түрде өткізілетін «Үздік экскурсовод» байқауын облыстық музейге қарасты аудандық музей қызметкерлері арасында онлайн форматында ұйымдастырып отырады.

Осындай шаралар барысында елінің тарихы мен мәдениеті бойынша іздеу тапсырмалары мен зерттеу жұмыстарын орындау, өздерінің білімдерін толықтырып, шығармашылық жобаларын жүзеге асырып, нәтижесінде ынталы, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда оң құзырлылық танытатын, өзіндік дәлел уәждерін еркін жеткізе алатын маман қалыптасары хақ.

Ж. ТАУЕТОВА,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХ ҚОЙНАУЫ

ҚЫЗАЙ АНА және ОНЫҢ КҮМБЕЗІ ТУРАЛЫ

Қызай Ана мен Құдайназардың қызы Күлайымның күмбездері

Сол кітапта қызай Жолболды,Торғай рулары Тарбағатай тауының оңтүстік алқабын яғни Тоқта-Барлық таулары өңірін мекен етеді деп көрсеткен. Үш болыс қызай елінен тек қызай Жолболды, Торғай болысы ғана хатқа түскен. Болысы Атанбай (*дұрысы Аманбай болуы керек, орыстың жазбашасында т әріпі мен м әріпі қарайлас жазылады-автор*) деп көрсетіледі. Болысқа қарасты жұрт 700 түтін. Жылқы мен басқа да малы мыңғырып жатыр деп көрсетілген. Менің ойымша қалған екі болыс ел Зайсан өңірінде немесе Зайсанның қытай жақ территориясда (Қаба, Жеменей) болып хатқа түспей қалған көрінеді. Себебі капитан И.Андреевтен кейін қызайға қатысты біраз деректерді Шоқан Уалихановтың 5 томдық еңбегінен (*орысша*) кездестіруге болады. Онда қызайлардың Тоқта және Барлық тауларын мекен етіп отырғандығы (*1850-1860 жылдары*), сол арадан Ілеге мал айдап келіп, сауда жасағандығы айтылады. Бұл еңбектен Бөтеке төре, оның інісі Әбетай төре, Бөтекенің ұлы Құдайменде төре, Боқаш би, Ескендір қатарлы қызайды билеген төрелер мен билер жөнінде көптеген мәліметтерді табуға болады.

Қызай тарихын зерттеу саласында профессор Жақып Жүнісұлы ағамыз аянбай еңбек етіп келеді. Ал, тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәбижан Мұқаметханұлы ағамыз қытай-қазақ қарым-қатынастары зерттеу тұрғысынан, XVIII-XX ғасырдағы қытайдағы қазақтардың әлеуметтік жағдайын зерттеуде жемісті жұмыстар жасап келеді. Сондай-ақ бұл тақырыпты зерттеуге ақыл-кеңестерін аяған емес. Жақып Жүнісұлының еңбектері яғни «Қызай Ана», «Қызай танудың кей мәселелері-пайдалану материялы», «Деректердің айтары ерек-пайдалану материялы», «Іленің тарих шежіресі», «Қызай-Андас тарих шежіресі» қатарлы еңбектері мен Нәбижан Мұқаметханұлының еңбектері яғни «Чиң патшалығы кезіндегі қазақ халқы», «XVIII-XIX ғасырдағы қытай-қазақ қарым-қатыстары», «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы», «Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері», «XX ғасырдағы қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы», «Ізденіс:Тарих және замана», «Балапан әулие туралы аңыз бен ақиқат» сияқты еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Аталған еңбектерде қызай елінің шығу тегі, өсу-өркендеуі мен мекен еткен жерлері туралы мол мәліметтер, дәлел-дәйектер келтіріледі. Осы қатарына «Көлге тамған тамшыдай» болса да автордың(*Райыс Арипжанұлының*) «Қызайлардың байырғы ата-мекені және Қызай тауы туралы ізденістер» атты мақаласын жатқызуға болады. Қызай Ананың зиратын іздеу және тұрақтандыру жұмыстарына Рақым Айыпұлы, Омарәлі Әділбекұлы, Әбдіғани Бәзілжанұлы, Жаңатай Хабдыкәрімұлы, Шәймұрат Шәймерденұлы, Талғат Сауытұлы, марқұм Мұрат Нүсіпханұлы қатарлы азаматтардың ат салысқанын айта кеткеннің артығы болмас деп ойлаймын.

Қызай тарихы туралы жан-жақты зерттеулер өрістеп келеді. Ертеректе шыққан зерттеу еңбектерінде Қызай Ананың туылған жылы мен қайтыс болған жылы туралы аздап ағаттықтар кеткенін байқаймыз. Оны қызай тарихына қалам тербеп жүрген біраз қауым бас қосып, тарихи дәлелдер негізінде ортақ тұжырымға тоқтадық. Нақтылап айтқанда, Қызай Ана 1402 жылы туылып, 1472 жылы қайтыс болды дегенге келдік. Алайда Қызай Ананың жерленген жерін анықтау ұзаққа созылды. Көп рет сапарға шығып, ізденістер жасауымызға тура келді. Автордың «Қызай Ана қайда жерленген? сапар естеліктері, бірінші бөлім», «Қызай Ана қайда жерленген? сапар естеліктері, екінші бөлім» атты мақалаларымызда ол жәйлі тәптіштеп жазған болатын. Бізге Қызай Ананың келін болып түскеннен кейін мекен еткен жерін табуымыз керек болды. Басқаша айтқанда, Қызай Ана 1419 жылы Найман еліне келін болып түссе, 1472 жылы сол келген өңірде дүниеден өткен делінеді. Қасиетті ана мекендеген тау кейіннен «Қызай тауы» атаныпты делінеді тарихи деректерде. Ондай болса 1419 жылы Қызай Ананың келін болып тұскен жері қай – жер? Анамыз қайтыс болғаннан соң «Қызай тауы» аталған тау қай тау? 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманына дейін қызайлар қай жерлерді мекен етті? Міне, мұндай күрделі де күрмеулі сұрақтарға бір-бірлеп жауап беру оңайға түскен жоқ. Ұзақ жылдар бойы зерттеулер жүргізуге тура келді. Бұлай болуының да өзіндік себебі бар еді. Автор «Қызайдың байырғы ата-мекені және Қызай тауы» атты мақаласында қазіргі Барлық тауының бұрынғы атының «Қызай тауы» болғанын, қызайдың байырғы ата-мекенінің Тоқта(Қаптағай) және Барлық(Қызай) тауларының алқабы болғанын жан-жақты дәлелдеген.

Қызай елі өзінің байырғы ата-мекені Тоқта және Барлық таулары баурайынан екі рет айрылуға мәжбүр болған: Алғашқы ата-қоныстан айырылу 1723 жылы болған. Жоңғардың жойқын шақыншылығына тап болған матай елі(*қызайлар*) «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырап, Матай тауы, Қаптағай тауы және Қызай тауы өңірілерінен ауып Сыр өзені бойына, Итішпес көлінің маңына барған. Қазақ қолының жоңғар шапқыншыларына қарсы 1726 жылғы Итішпес көлі маңындағы, Бұланты-Білеуті өзендері жағасындағы зор жеңістерінен кейін, Матай елі Сыр бойынан Арқа даласына қарай жылжыған. Сарысу өзені бойындағы сұрапыл шайқаста Матай елі Бөрібай атты батырынан айрылады. Жауды өкшелей қуған қазақ қолымен бірге Матай елі Қарағанды, Есіл-Нұра өзендерін басып өтіп, Шыңғыс тауын біраз жыл мекендейді. Одан шығысқа жылжып, Аягөзге жетеді. 1782 жылы қызайдың Жолболды, Торғай болысы байырғы ата-мекені Тоқта және Барлық тауланына қайтып оралады. Кейінгі тарих көрсеткендей қызайдың басқа рулары да бірте-бірте осында келе береді. Ал екінші рет ата-мекенін 1860-жылдары тастап кетуге мәжбүр болған. Оның бірнеше себебі бар: Қытайлар өсіп-өнгендіктен кең жайылым жер іздеді; Лепсіден шыққан Ресей казактарының қызайдың ру басыларын жаппай тұтқындауы;қазақтың руаралық кикілжіндері қызайлардың Тоқта-Барлықты тастап Ілеге аймағына көшуіне себеп болды.

Жоғарыда келтірілген себептерге байланыты қызайлар жаңы қоныс жайлы аумақ – Ілеге ауып кетті. Арада «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей талай аумалы-төкпелі заман өтті. Уақыт өте келе ұрпақ жаңаланып отырғандықтан қызайлар өздерінің байырғы атамекенін ұмыта бастайды.

Бірақ қызайларда «Қайран Барлық», «Алакөл асығымнан келмейтін» дейтін сөз тіркестерінің қазірге дейін айтылуы жайдан жай емес, әрине. Қызайлардың ата-қонысынан ауып кеткеніне шамасы 160 жылдай болды. «Елу жылда ел, жүз жылда қазан» демей ме атам қазақ. Ал осыдан 400-500 жыл бұрынғы тарихты түгендеу қиынның-қиыны екенін екінің бірі түсінсе керек. Сол себепті де қызайдың байырғы ата-мекенін табу, сонда жерленді делінген Қызай Ананың бейітін табу оңайға түспеді. Қызай Ана жерленді делінген жерлердің(*Оңтүстік Қазақстан облысындағы Домалақ Ана кесенесінің маңы, Қызылорда облысындағы Сыр өзенінің бойы, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданы өңірі, Алматы облысы, Қызылағаш ауылының төңірегі, Алматы облысы Сарқан қаласының оңтүстік алқабы, Алматы облысы, Алакөл ауданы Алакөл көлінің жағалауы*) барлығын зеттеп шығуға тура келді. Тарихи деректер көрсеткендей, Қызай Ана мекен еткен тау кейін келе «Қызай тауы» атанған. Ал оның жанында «Ботамойнақ» атты тау бар. Құдайназар батыр және оның қызы Күлайым бастаған 100 сарбаз «Қызай анам жатқан жерді жауға таптатпаймын» деп «Қызылжар» асуындағы қайқаста мерт болады. Ерте заманда қалыптасқан үрдіс бойынша бейітке «Тас күмбез» тұрғызылған. Осы 4 түрлі дерек көзін зерттеу біздің басты нысанымыз болды. Осы дәлелдің кемінде екеуі, тіпті болмағанда біреуі табылса, онда Қызай Ананың бейітін сол маңнан іздейміз деп Жақып Жүнісұлы ағамен келіскенбіз. Бұл жәйіт автордың «Қызай Ана қайда жерленген? Сапар естеліктері, бірінші бөлім» және «Қызай Ана қайда жерленген? Сапар естеліктері, екінші бөлім» атты мақаларында жан-жақты талқыланған. Төменде жоғарыдағы 4 түрлі дәлелге бір-бірден тоқталайық:

1. Қызай тауы. Автор ұзақ жылғы зерттеуі негізінде «Қызайдың байырғы ата-мекені және Қызай тауы туралы ізденістер» атты мақаласын жәриялады. Онда 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» оқиғадан дейін қызайлардың Тоқта(*Қаптағай)* және Барлық(*Қызай*) тауларынан мекен еткенін, Барлық тауының байырғы атының «Қызай тауы», Тоқта тауының байырғы атының «Қаптағай тауы» болғандығы жан-жақты дәлелденген.

2. Құрбағали Халидидің «Тауарих хамса» атты еңбегінде ҚХР ШҰАР Дөрбілжін ауданың шығысындағы тауды «Ботамойнақ» деп көрсетеді. Ботамойнақ тауы күні бүгінге дейін өз атымен солай аталып келеді.

3. Ал, «Қызылжар асуына» келер болсақ, Қазақстанда жарық көрген жер-аттары» атты еңбекте, Алакөл ауданы мен Аягөз ауданының қилысындағы тау бөктерін «Қызылжал» деп көрсетеді. «Қызылжар» мен «Қызылжалдың» айырмасы тек бір ғана әріп бөліп тұыр.

Қызай Ананың күмбезі

4. «Тас күмбезге» келер болсақ, ол

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

күмбезді біз Алакөлдің солтүстігіндегі «Қызылжал сауынан» таптық. Қызай Ананың бейіті деп бізге айтылсада біз әліптің артын бағып ел аузындағы аталуы бойынша яғни бүркеме атпен «Қызайдың қос батыр қызы» деп жәриялаған болатынбыз. Ол кезде біздің қолымыда жоғарыдағы 4 дәлелдің бірде-бірі болған жоқ еді.

Біз ұзақ жылға созылған зерттеулеріміз арқылы Қызай Ананың бейітін тұрақтандыруға қажетті болған барлық дәлелдерді толық таптық. Алакөл ауданы, Көктума ауылында тұратын Жанахмет Бегатарұлы ағамыз, 2009 жылы Көктума ауылының оңтүстігіндегі тау баурайындағы Қостас күмбездің үлкенін Қызай Ананың күмбезі, кішісін Қызай Ананың қызының күмбезі деген болатын. Біз жоғарыда келтірілген 4 дәлелдің біреуінен(*Тас күмбезден*) басқа дәлелдерді яғни қалған 3 дәлелді сол кезде сол маңнан таппағандығымыз үшін баспа бетінде жариялаған мақаламызда ел аузындағы айтылуы бойынша «Қызайдың қос батыр қызы» деген атын қолданған болатынбыз. Біз жоғарыда қажетті делінген 4 дәлелді толық келтірдік. Атап айтар болсақ, қос тас күмбездің үлкені Қызай Ананың күмбезі деп кесіп айтуға болады. Ал ондағы кіші күмбезге келер болсақ, Жанахмет ағаның айтуы бойынша ол Қызай Ананың батыр қызына арнап тұрғызылған күмбез екен. Шежіре деректерінің ешбірінде Қызай Анада қыз болды деп айтылмайды. Біз Қызай Ана туралы жазылған еңбектерден Қызай Ананың батырлығы және мергендігін, сондай-ақ Құдайназардың қызы Күлайымның батыр әрі мерген болғандығын, соғыста әкесі Құдайназар батырмен бірге шейіт болғанын білеміз. Олай болса «Қызайдың қос батыр қызының» бірі Қызай Ананың өзі болса, екіншісі Құдайназар батырдың қызы-Күлайым болып шығады.

Жоғарыдағылардан басқа төмендегі дәлелдерді де айта кеткенді жөн көрдік. Атақты тарихшы, этнограф Шоқан Уалиханов өз күнделігінде қызай төресі Бөтекенің(*Бөтеке Әбілпейістіңұлы кейде Әлпейісұлы, Сама төренің немересі деп айтылады. -автор*) 1854 жылы Аягөздің генералымен кезікенін, онда өзінің орыс бодандығын қабылдағыыс келетінін жазады. Сонымен бірге өздері тұрып жатқан жерлерінде(*Тоқта-Барлық тауының алқабы*) ата-бабаларына ескерткіш тұрғызғысы келетінін, соған генералдың рұқсат етуін сұрайды. Аталмыш еңбекте рұқсат етілген-етілмегені жазылмайды. Бүгінгі жеткен Алакөл маңындағы жүздеген қызай күмбездері(*Күмбездер қызайлардікі болғанымен, көбінің ақы иесі белгісіз. Белгілері бірнешеу ғана яғни: Шағырай әулиенің тас күмбезі, Сыбанбай бидің күмбезі, Тоқпан немесе Тоқпанбет батырдың күмбезі, Балапан әулиенің күмбезі, Ескендірдің күмбезі. Ескендірдің аты белгілі болғанымен қызайдың батыры ма әлде биі ме, қызайдың қайсы руынан тарайтыны әлі белгісіз қалып отыр. Ескендір деген төре болған екен. Мүмкін сол кіс болар. Қорытында жасауға әлі ерте*) орыс генералының рұқсат еткенін айғақтайды. Менің ойымша, дәл осы жылы немесе 1855 жылы сол өңірдегі барша найманды асқа шақырып Қызай Анаға салынған бұрыңғы күмбез жаңартылса керек. 5-6 мың кісі қол жалғап, қолдан-қолға өткермелеу арқылы 5км жердің тасын тасып, Қызай Ананың және Күлайымның күмбезін жаңғыртқан. 5-6 мың кісі тас тасуға қатысқанына қарағанда, асқа шамасы 10 мың кісі қатысқан деп болжауға болады. Мұндай үлкен астың қызай ішінде Қызай Анадан басқа біреуге берілуі мүмкін емес.

Қорыта айтар болсақ, жоғарыда келтірілген дәлел-дәйектердің барлығы ел аузында «Қызайдың қос батыр қызы» атанған, тастан өрілген қос күмбездің бірінің(*Үлкенінің*) Қызай Ананікі, ал тағы бірінің(*шағынының*) Күлайым Құдайназарқызынікі екенін дәлелдейді.

Ардақты ағайын, қадірменді жамағат! Сіз болып, біз болып, ортақ күш біріктіріп, Қызай Ана мен Күлайымның басына тұрғызылған осы ескерткіштерді қорғауға алайық. Қалпына келтіру жұмыстарын жасап, күмбез тұрған аймақты қоршап, абаттандырсақ, тарихи мәдени орынға айналар еді. Қызай Анамыз алдындағы бір борышымызды орындаған болар едік. Қоғамға қосқан бір үлесіміз болар еді деп ойлаймын.

Райыс қажы АРИПЖАНҰЛЫ

ЕСКІРМЕЙТІН ЕЛ ШЕЖІРЕСІ

(әкем айтқан әңгімелерден)

БОЗТАЙЛЫҚ

Отарбай мен Қонысбай – бір атаның балалары. Қонысбай елуден аса қайтыс болып, артынан әйелі де бақилық болыпты. Басқа балалары түрлі кеселдерден шетінеген екен, кенжесі Пұсырман жетім қалады. Баланың бесікте жатқанда атастырылған қалыңдығы Жағалбайлының ішіндегі Есендерден екен. Айттырған қызы өзінен екі-үш жас кіші болса керек. Пұсырман бес-алты жасқа толғанда қайын жұрты: «Балалар бір-біріне үйрене берсін», – деп туыстарынан сұрап, қолына алыпты.

Он үш жасқа келгенде қайын атасы: «Сен ержетіп келесің, өз еліңе бар, кәмелетке келгенде, туыстарыңмен бірге келіп, қалыңдығыңды алып кетерсің», – дейді де, оны туысқандарына аттандырады. Балаға бір тай, бір киімдік бөз және шідер беріп, шығарып салады. Баланы орта жолдан ел кезген Қоқан батыры тоқтатады. Бала оның кезенген ұзын мылтығынан қорқып, тайынан түсіп, басын көлегейлеп, жерге отыра қалады. Жаңағы адам баладан жөн сұрап, қайдан және қайда келе жатқанын біледі. Сосын: «Әлі жас бала екенсің, тайыңа тиіспейақ қояйын, барар жеріңе жете алмай, өліп қаларсың. Бірақ бөзіңді аламын, киім тіккізуге болады екен және шідеріңді аламын, тек бұны ешкімге айтпайсың», – деп, уәдесін алып, жөнеле береді.

Бала ауылға жақындағанда алдынан аң аулап жүрген Отарбайдың баласы Кенбай көкесі жолығады. Алыстан біреуді байқаған Кенбай: «Анау қарайған кім?» – деп саңқ ете қалады. Пұсырман оны даусынан танып, жылап қоя береді. Кенбай жақындап, атынан түсе қалып, құшағына алғанда, баланың жүрегінің тарсылдап тұрғанын байқайды. «Құлыным-ау, не болды, неден қорықтың?» – дегенде, бала жылап жібереді. Бірақ тіс жармайды. «Сенен уәде алған екен ғой, бірақ қылыш үстінде серт жүрмейді, шыныңды айт», – дейді. Ақыры мәнжайды білген соң, қай бағытқа кеткенін сұрайды да, соңын ана тойлап ұмтылады. Құралайды көзге атқан Қоқан батыры қуғыншыны байқап, мылтығымен көздеп атқанда, Кенбайға оқ тимейді. Негізі, Кенбай да әкесі Отарбай сияқты әруақты кісі болса керек. Қоқан батырын шоқпарым енсалып өткенде ол дәрменінен айырылып, сауға сұрайды. Кенбай: «Онда балаға ат-шапан айыбыңды бересің», – депті. Батырдың атының қасында жетектеген бозтайлағы бар екен, соны айыбына береді де, ауылына барып еліне: «Мен өзімді Жөгінің батырына алдырдым», – деп жатып қалады.

Кейін басқаларға: «Басында соңымнан қуған бір кісі сияқты еді, бірақ тұра қалып, мылтығымды көздеп атқанда, менің алдымда қырық адам тұрғандай көрініп, оғым жаңылысты», – депті.

Ал Кенбайдың Пұсырманға Қоқанның батырынан алып берген бозтайлағы өте өсімтал болып шығып, одан ылғи боз түйелер тараған екен және атамыз туыстарының ішіндегі түйесі көп адам болыпты. Пұсырман он алты жасқа толғанда қайын жұртына барып, қалыңдығын алып келеді. Туыстары қос тігіп, оларды бөлек отау етіп шығарады.

ЫҚЫЛАСТЫҢ ЕРДЕНДІ ЖҰБАТУЫ

Кіші жүздің Жеті руының бірі – Тама. Біз Таманың Жөгісінен тарайтын Шақаның Жарық атасына жатамыз. Жарықтан тараған ұрпақтан небір батыр, шешен, сал, күйші шығыпты. Ықылас Дүкенұлы – Жарықтың шөпшегі.

Ықылас атамыздың күйші атағының шығуына себеп болған оқиға – барымташылық. Бірде туыстарымыз Қырықбойдақтардың екі үйір жылқысын Ұлытаудың Наймандары барымталап айдап кетеді. Сол жылқының ішінде Ықылас атамыздың айғырға салып жүрген бәсіре жылқысы да бар екен. Наймандардың басшысы аға сұлтан Ерден Сандыбаевқа өз арыздарын айтпақшы болып, бұлар оның ауылына жол тартады.

Жоқшыларды Қырықбойдақтардың үлкені Үкілі Аманжол деген кісі бастап келеді. Сөйтсе, Ерденнің ержетіп қалған баласы Әйменде қайтыс болып, аға сұлтанның қатты қайғыда отырған кезі екен. Бұлар сұлтанның үйіне түсіп, көңіл айтады, келу себептерінен де құлаққағыс етеді. Қонақтарға тамақ дайындалып жатады. Ерденнің көңіл-күйі жоқ, қобызын анда-санда ыңырантып тартып қояды. Ықылас аспапқа қызығып, тартқысы келеді. Бір кезде барлығы сыртқа шығып кетеді.

Атамыз қолыма түсті ме дегендей, жүгіріп барып, қобызды ала салып, бірден тарта жөнеледі. Қобыздың құлағы қоңыр күйде тұр екен. Сол дыбыспен бір әуенді ойнай бастайды. Ол кезде Ықыластың жасы он бес-он алтыда, Ерденнің қаза болған баласының өзімен қатарлас болғаны, қыршын кеткені, әке қайғысы баланың жүрегіне тиіп, боздаған бір зарлы әуенге салады. Өз өмірі мен мына қайғылы оқиғаны қатар өріп, сарыны жан езілтер күй шертеді. Сырттағылар сол мезетте шыққан қалпында қалшиып, селт етпей тыңдап тұрып қалады.

Ерден ішке кірмекші болғандарды қолымен жасқап, кіргізбей, күйдің аяқталуын күтеді. Сөйтеді де: «Әй, Тамалар, мен ұры емес, сендер ұры екенсіңдер. Мынадай дарынды қалай жасырып жүргенсіңдер? Менің баламды тірілтіп жатыр, қоя тұрыңдар», – депті көзіне жас толып. Бала тартып біткен соң, қобызды орнына іледі де, отыра қалады. Сырттағылар ішке енеді. Ерден: «Сен тарттың ба?» – деп сұрайды. «Кешіріңіз, мен тартқан едім», – дейді Ықылас. Біраз отырады да, Ерден өзінің адамдарына: «Әй, мына жоқшылардың тұяғына тұяқ, құлағына құлақ беріңдер», – деген жарлық түсіріпті. Келгендердің барлық жылқысын тугендетіп береді де, Ықыласқа: «Сен енді бір жыл менің қасымда бол, күйіңмен қайғымды сейілтіп, азайтасың», – дейді де, топты бастап келген Үкілі Аманжолдан Ықылас атамызды сұрап алып қалады. Бұлар барған кез күз мезгілі көрінеді. Қайда барса да, қасынан тастамапты. Рулы елге ықпалды аға сұлтанның қасында жүрген Ықыластың қобызшы атағы жан-жаққа тарайды.

Бір жылдан соң атамызды еліне қайтарғанда Ерден алдына «дәулетің ассын» деп мал салып береді. Әке-шешесінің қасына келіп туғандарымен қауышқан Ықылас атамыз өз өнерінің арқасында ырыс-құты артып, дәулетті әулетке айналыпты. Түсіпбектің мыңғырған малы Ерденнен алып келген түліктерден тараған дейді. Ал Ықылас атамыздың Ерденнің алдында алғаш тартқаны бүкіл елге «Қоңыр» деп таралып, кейін «Ерден» атаныпты. Ерден Сандыбаев – Шоқан Уәлихановпен сайлауға түсіп, жеңіп шыққан, Арқаға аты мәлім байлардың бірі болған екен.

Ақерке САЙЛАУҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

ОДАРЕННОСТЬ И ТАЛАНТ В ИНФОРМАЦИОННОМ ПРОСТРАНСТВЕ XXI ВЕКА

XXI век-это эпоха информационного общества, эпоха технологической культуры, эпоха бережного отношения к окружающему миру, здоровью человека, профессиональной культуре.

XXI век-эпоха глобализации. В связи с этим на учителя возложена серьезная обязанность.Учитель формирует и развивает интеллектуальный потенциал нации. Это одна из главных задач нашего государства в сфере образования.

Образование, направленное на формирование талантливой, одаренной и всесторонне развитой личности, осуществляется в ходе педагогического процесса. Все учителя стремятся создать для детей нормальную среду для достижения максимальных успехов в образовании. Что касается одаренных и талантливых детей, то это достаточно сложный вопрос, требующий обдумывания, обсуждения и тщательного планирования.

Основное требование информационного обществадать учащимся основы информационных знаний, развить логико - структурное мышление, сформировать и адаптировать информационные технологии к информационному обществу, используя их как средство собственного развития и реализации.

Освоение достижений современной цивилизации невозможно без специальных знаний.Без квалификации учителя и настойчивости ученика открыть сокровищницу знаний-занятие пустое.Будущее нашей Родины-это молодежь, которая должна быть образованной и квалифицированной. Наш долг - создавать им условия, создавать возможности.

В новом веке начал закладываться фундамент подлинной национальной школы. Национальные школы стремятся к знаниям мирового уровня, изучая историю, язык, культуру нации. Для этого необходимо принимать ученика в учебном процессе вместе с учителем, совершенствовать общение, развивать познавательные, чувственные ценности, практическую деятельность учащихся.Для того,чтобы сформировать у ученика такие благородные качества, учитель должен уметь преобразовывать каждый урок и правильно использовать новые методы. Выполнение основных требований, предъявляемых к уроку, является большой ответственностью для учителя.

«Страна начинается с изучения истории",-много размышляет над человеком Кадыр Мырзалиев. Поэтому задача - воспитать наших учеников исторически сознательным, юридически воспитанным гражданином. Для этого необходимо развивать способности, данные природой ученику, открывать источник таланта.

Каждый гражданин обязан с большой верой и надеждой смотреть и на свою Родину, и на свое будущее. Наш первый Президент Н. А. Назарбаев показал,что дело воспитания патриотизма у казахстанских граждан нужно начинать с уважения к символам нашей страны, уважения к закону, власти. Сила, способная сделать завтрашний день ярче настоящего, продвигать человеческое общество, присуща только знаниям. Поэтому формирование личности, работа с требовательными, одаренными учениками сегодня является актуальной проблемой.

В Закон Республики Казахстан «Об образовании» включены такие актуальные вопросы, как: «развитие интеллекта в зависимости от индивидуальных способностей каждого ребенка, развитие одаренности личности».Прогресс общества обусловлен ростом числа прогрессивных талантов. Главная цель-выбор талантливых учеников,повышение их знаний,определение перспектив, защита прав.

К системе принципов, относящихся к концепции одаренности и таланта, можно отнести широкий спектр общих интеллектуальных, академических способностей, творческих, лидерских способностей, индивидуальных возможностей , визуальных и исполнительских способностей в искусстве. Новые формы обучения, о которых мы говорили, создают благоприятную среду для проявления способностей, квалификации, потенциальных возможностей детей, а талант-высокий уровень в одной области.

БЕРТАЕВА С. М.
КГУ «сш № 11 им. Е. Берликожаулы»

ГЛАВА КАЗАХСТАНСКОГО МОН АСХАТАЙМАГАМБЕТОВ НА АППАРАТНОМ СОВЕЩАНИИ ВЕДОМСТВА РАССКАЗАЛ, ПРОЗВУЧИТ ЛИ В ЭТОМ ГОДУ ПОСЛЕДНИЙ ЗВОНОК И ВЫПУСКНЫЕ В ШКОЛАХ СТРАНЫ.

БУДУТ ЛИ ВЫПУСКНЫЕ?

Асхат Аймагамбетов сообщил, что последний звонок прозвенит 25 мая в традиционном формате только для выпускников 9 и 11 классов, так как они обучались офлайн с третьей четверти текущего учебного года.

"Мы планируем, что последний звонок пройдет офлайн с соблюдением строгих санитарных требований", - пояснил министр. В этой связи он призвал директоров школ, отделы образования, управления образования организовать данные мероприятия с соблюдением всех санитарно-эпидемиологических требований.

В том числе, нанести разметки на территории и в здании школ, которые позволят соблюдать социальную дистанцию, разрешается участие только одного родителя или законного представителя. Требуется также соблюдение масочного режима.

Для детей, которые обучаются онлайн, последний звонок прозвенит в дистанционном формате.

Вице-министр образования и науки Шолпан Каринова сообщила, что после того, как ученики 9 и 11 классов сдадут все экзамены, будут проведены выпускные.

Мероприятия, по ее словам, пройдут 12-14 июня. Шолпан Каринова отметила, что вручение аттестатов пройдет на открытом воздухе с ограниченным контингентом и с соблюдением санитарно-эпидемиологических норм. Между тем, по ее словам, запрещается привлечение к проведению мероприятия аниматоров, праздничных агентств, частных студий.

Запрещается также пышное проведение выпускного мероприятия, организация праздничных столов и выпускных мероприятий в ресторанах, кафе и других увеселительных заведениях, равно как и проведение выездных экскурсий по городу с прокатом авто.

Министр образования и науки Асхат Айматагебетов в свою очередь сообщил, что мероприятия, посвященные вручению аттестата, пройдут в середине июня текущего года.

"Нам необходимо, чтобы директоры школ, отделы образования, управления образования организовали данные мероприятия с соблюдением всех санитарно-эпидемиологических требований. И очень важно разъяснительную работу (провести), особенно по итоговой аттестации", - сказал министр.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ОТ СЕРДЦА К СЕРДЦУ

СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА С ХРАБРЫМИ ЛЮДЬМИ

УЧЕНИКИ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН ПОСЕТИЛИ С ПОЗДРАВЛЕНИЯМИ ТРУЖЕНИКОВ ТЫЛА ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ.

Поздравление ветерановпод эгидой «От сердца к сердцу» стало хорошей традицией Интеллектуальной школы. С каждым годом их становится всё меньше. Тем ценнее каждая минута, проведённая с настоящими героями, патриотами, удивительными, храбрыми людьми.

Зуева Надежда Михайловна, Бибикова Александра Тимофеевна, Усимаева Екатерина Петровна вместе с воинами ковали эту Победу в невероятно трудных условиях, в кратчайшие сроки давали всё необходимое для фронта, для Победы над фашистами.

У каждого из этих замечательных людей есть своя героическая судьба.

Екатерина Усимаева в 15 лет была отправлена в Россию на лесозаготовку. Тогда в семье их было девять детей, каждый был прикреплен к трудовым отрядам.

- Старики и женщины работали вальщиками, мы девочки вывозили лес на лошадях. Мальчики грузили лес на сани, сами сгружали, разделывали и скатывали бревна в штабели. Вся работа выполнялась вручную, топорами и пилами. Мы не плакали, некогда было плакать, насподдерживала вера в то, что мы как-то сможем помочь фронту, а значит – своим отцам, мужьям и братьям, - вспоминает военные трудовые годы Екатерина Петровна.

Надежде Зуевой 31 мая исполняется 85 лет. Когда началась война, они жили в Текелийскомподхозе. Мама работала поливщиком на полях, где выращивали овощи для фронта. Тогда еще хрупкая девятилетняя девочка с раннего утра до поздней ночи наравне с остальными женщинами перекапывали целые поля для посадки картофеля, свеклы, лука. Нужно было поливать урожай, подтаскивать камни, ветки, делать поливочные арыки. Несмотря на полуголодное тяжелое время, Надежда Михайловна продолжала учиться. Износила всю одежду, а новую купить было не на что, и учебников не было. Известие об окончании войны она услышала на поле. Все долго плакали и от счастья, и от горя, ведь у многих погибли самые близкие и родные люди.

- Путь к победе был тяжелым и трудным, ведь она досталась ценой огромных жертв и материальных потерь. Мы заплатили огромную цену за победу в Великой Отечественной войне. Я воспитала двоих сыновей, у меня шесть внуков и четверо правнуков. Все прошли и выдержали ради вас, ради будущего, ради мирного неба над головой, - подытожила свой рассказ ветеран труда Надежда Зуева.

В свою очередь ученики Интеллектуальной школы вручили ветеранам тыла продуктивные корзины.

«Мне трудно передать словами ту гамму чувств и эмоций, которые я испытала во время этих встреч. Спасибо большое нашим ветеранам за то, что они сделали. Низкий им поклон», - отметила ученица 8 класса Амина Қайратқызы.

К. ПФАЙФЕР.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

БОЛЕЕ 100 ОБЪЕКТОВ РАБОТАЮТ ПО ПРОЕКТУ «ASHYQ»

По сообщению пресс-службы областной палаты предпинимателей, в регионе первыми к проекту присоединились талдыкорганские предприниматели. Согласно постановления Главного государственного санитарного врача Алматинской области с 26 апреля «ASHYQ» начал внедрятся на объектах бизнеса в районах и городах области.

По словам директора Палаты предпринимателей Алматинской области Асет Шаяхметова, по проекту «ASHYQ» работают объекты общественного питания, кинотеатры, компьютерные клубы, фитнес-клубы, бани и сауны.

«На сегодня уже 100 различных заведений в Талдыкоргане внедрили у себя приложение «ASHYQ», из них 90 – объекты общественного питания, по три фитнес-центра и компьютерных клуба, два кинотеатра и по одной бане и сауне. Вместе с тем, среди районов один объект общественного питания из Илийского района начал работу по проекту. В целом, на сайте infokazakhstan.kz подано свыше 100 заявок от субъектов предпринимательства для участия в проекте «ASHYQ»», - рассказал глава областной палаты Асет Шаяхметов.

Напомним, в Талдыкоргане проект «ASHYQ» начали внедрять с 14 апреля. Проект позволит минимизировать риски распространения COVID-19 и обезопасить посетителей и работников, а также даст возможность объекту бизнеса работать вне зависимости от ограничительных мер и даже в условиях локдауна. За счет QR-кода и интеграции с общей базой ПЦР приложение определяет статус посетителя: является ли он носителем вируса или нет. На входе у человека будут сканировать QR-код для определения его статуса, и в зависимости от цвета, а им и обозначится статус посетителя.

В настоящее время в Палате предпринимателей Алматинской области ведется работа с бизнес-сообществом и формируются списки желающих участвовать в проекте. По всем вопросам касательно приложения «Ashyq» можно обратиться в РПП «Атамекен» по телефонам: + 7 775 594 5977 (Жамбулатова Дана Даулетовна), +7 775 894 6061 (Даулетбекова Акерке Нурдаулеткызы).

Ш. БАТОВ.

Бейсенбі - Четверг, 20 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Дала өркениеті»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00, 21.30 «Замандастар»
13.10 «Қызық екен»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» .
Тікелей эфир
15.00 «Қымбат жандар»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «MENIN QAZAQSTANYM»
17.20 «Көңіл толқыны»
20.35, 01.00 «Ashyq alan».
Тікелей эфир
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Ахмет Ясауи»

ХАБАР

06.00 «Бауыржан шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Бәсеке»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «Метод Фрейда»
18.00 Мегахит «Старые счеты»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
20.50 «Індетпен күрескен Қазақстан»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 М/ф «Гризли и лемминги»
15.30, 03.50 «Интерны»
16.10, 03.05 «Үздік әзілдер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тракторшының махаббаты»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Ничто не случается дважды»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Трасса»
00.20 «Женская версия. Чисто советское убийство»
01.20 «Свадьбы и разводы»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Улы тамшылар»
10.10 Новости
10.50 «Кто ты?»
11.50, 00.00 «ЧУМА»
13.50, 21.40 «Девять жизней»
16.00, 01.30 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.00 «Тұмар»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.40-05.00 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-обзор»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.15 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Жетісу адалдық алаңы»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ковид-обзор»
22.10 «Қорғансыз» телехикаясы 28-серия
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50 What s Up?
09.50, 17.00 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 Сериал «Күн әміршісі»
14.10 «Восьмидесятые»
15.20 «Чужой»
16.30 «Такси»
17.00 What s Up?
18.00, 01.00 «Кел татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х «Чужой»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,15.00 «Құтты қонақ»
09.00, 02.00 «Гегина +1»
10.00, 17.00 «Идеальная семья»
11.00, 19.20 Сериал «КУБА. Личное дело»
13.00,22.00 Т/х «Бастық боламын»
15.30,21.30 Т/х «НЯНЯMAN»
16.00,01.00 Т/х «Крепостная»
18.10, 00.00 «Хорошие руки»
21.30 «Изоляция»
22.00, 03.00 Т/х «Серт пен Сезім»
05.00 Т/х «Жеңіп көр!»

Жұма - Пятница, 21 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Дала өркениеті»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00 Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
11.00, 18.00 Т/х «Асау Толқын»
12.00, 21.30 Т/х «Замандастар»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Әлем айнасы»
15.20 «Заң және біз»
15.50 Т/х «Аулдастар»
16.25, 17.20 «Егіз лебіз»
20.35 «Ashyq alan»
22.20 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Ахмет Ясауи»
00.25 «Parasat maidany»
00.55 «Ashyq alan»
01.45 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 «Бауыржан шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.00 «Әсем әуен»
10.15, 21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Бәсеке-2»
13.15, 23.30 «Егіз үрек»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Асыл қазына»
17.00 «Метод Фрейда»
18.00 «Расправа»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдірген»
07.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/х «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.00 «30 лет Независимости»
14.05 «Өмір – дастан»
14.25 М/ф «Гризли и лемминги»
15.30, 03.50 «Интерны»
16.10, 03.05 «Үздік әзілдер»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00, 01.10 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 Д/ф «Біреудің есебінен»
02.45 «KazNet»
03.50 Сериал «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тракторшының махабатты»
06.40, 04.05 «Той заказ»
07.10, 03.20 «Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Жди меня» Казахстан»
13.00 «Заң сөйлесін»
14.00 «112»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Пендеміз ғой»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Поле чудес»
21.55 «Розыскник»
01.15 «Док-ток»
02.05 «П@утина+»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.205Т/х «Улы тамшылар»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.10 Новости
10.50 «Кто ты?»
11.50 «Чума»
14.10 «Никогда не бывает поздно»
13.50 «Девять жизней»
16.00 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 Т/х «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Золотая кровь. Градус смерти»
01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
02.00 «Дау-дамайсыз»
02.25 «КТКweb»
02.45 «Әйел қырық шырақты»
03.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.10, 4.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-обзор»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Иман нұры»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ковид-обзор»
22.10 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30 «Армагеддон»
07.30 «Сөздің шыны керек»
07.40, 20.00 Информбюро
08.40, 14.10 «What's Up?»
09.50 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 «Ананди»
12.30 «Күн әміршісі»
14.00 «What's up?»
14.30 М/ф «Садко»
16.30 «Такси»
17.00 «Экстрасенсы-детективы»
18.00, 01.00 «Кел татулайсайық»
19.50 «Оқиға орны»
21.00 «Повелитель солнца»
22.20 «Чужой»
02.300 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30, 04.30 «Айна-online»
07.30, 15.30, 16.00 Скетчком«Q-eli»
08.30, 15.00 «Құтты қонақ»
09.00, 02.00 «Регина + 1»
10.00 «Идеальная семья»
11.00 «Куба. Личное дело»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
15.30 Т/х «Няняman»
16.10 «Орёл и решка»
17.10 «Дизель-шоу»
18.30 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
20.45 «Jaidarmancup»
22.00 Т\х «Серт пен семіз»
00.00 «Все или ничего»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 22 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.00 Д/ф «Дала өркениеті»
06.30«Ғасырлар үні»
07.00«Aqparat»
07.35 «Сырлы сахна»
08.00 Д/ф «Ұзақ ғұмыр құпиясы»
09.00 Мультфилимдер
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00«Әзіл әлемі»
13.15, 2.15 «Күміс көмей»
14.00 «Жарқын жүздесу» ток-шоу
15.00 К/ф «Ең сұлу»
16.30 «МузАрт»
20.00, 01.40 «Masele»
20.30, 23.00«Егіз лебіз» талант-шоу
22.30, 23.10 Т/х «Махаббат мұнарасы»
00.10 Т/х «Тәуіп Хо Жу»
00.15 К/ф «Король сөзі»

ХАБАР

06.00 «Асыл жарым»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.40 «Әсем әуен»
08.15 Т/х «Ауылдастар-2»
10.00 «Tangy fresh»
11.00«Чужое гнездо»
13.00 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
16.15 Шоу «Маска»
18.00 «Алтыбақан»
19.00 «Qazaq Golden Hits»
20.15 «Отдел журналистких расследований»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Хабарлас»ток-шоу
23.00 «старые счеты»
01.00 Т/х «Бәсеке»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 04.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/х «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.00 Х/ф «Джентельмены удачи»
16.00 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00 «Из первых уст»
20.25 «100 сұхбат»
20.55 «Loto 6/49»
00.20 Х/ф «такси-5»
02.20 «Azil keshi»
03.20 Той жыры
03.50 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Терра Нова»
06.45, 3.45 «Той базар»
07.40 «Тамаша City»
08.30 «У причала»
12.10 «Фабрика грез»
16.25Юбилейный концерт Надежды Бабкиной
18.00, 03.15«Basty Bagdarlama»
18.35 «Ең алғашқы...»
20.00 «Главная тема»
20.30 «Парламент online»
20.55«Клянусь любить тебя вечно»
00.40 «Человек-паук: Через Вселенные»
02.30 «П@утина+»

КТК

07.05 «Әйел қырық шырақты»
07.50Т/х «Үлкен үй-2»
08.40 «Қыз қылығы»
09.00 «Басты рөлде»
09.30 «КТКweb»
09.50 «Смеяться разрешается»
11.50 «Золотая кровь»
15.30 Т/х «Қиын шақ»
17.00 «Мерекелік концерт»
18.20 «Құс жолы»
21.00 «Большие новости»
22.00 «Училка»
01.30 «Ф.И.Л.И.Н»
02.15 К/ф «Әбден мезі еттің, қымбаттым!»
03.30, 04.05 Т/х «Қиын шақ»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Спорт тайм»
11.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
11.30 «Экорейд»
11.45 «Спорт»
12.00 «Әкелердің әңгімесі»
12.35 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.00 «Арнайы репортаж»
13.30 «Жетісу адалдық алаңы»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлт құндылығы»
15.00 «Столик сам накройся» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Зерде»
17.35 «Әсем әуен» (клипы)
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.20«Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Жүрексөзі»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тарих парақтары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Теория Z»
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.40 «Армагеддон»
07.40 «Оқиға орны»
07.50 «Информбюро»
09.00 «Готовим с Адель»
10.00 «Bala Battle»
10.40 «Тәтті шоу»
12.10 «Ян Гуфей»
13.10 «What'sup?»
13.20 М/с «Тимон и Пумба»
15.10 М/ф «Индюки: Назад в будущее»
17.10 Х/ф «Животное»
19.00 Х/ф «начни сначала»
21.10 «Полный Блэкауд»
22.00 «Неге?»
23.30 «Музықалық сағат»
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30Скетчком «Q-eli»
08.30, 03.00 «Япырай»
09.00 «Регина+1»
11.00 «Дизель-шоу»
12.00 «Орел и решка»
13.10 Х/ф «Все или ничего»
15.00 «Келесі кім?»
16.30 Т/х «Няняman»
18.45 «Jaidarman cup»
20.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
20.45 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
23.00 Х/ф «13 район»
00.40 Т\х «Жан балам»
05.30 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 23 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.50«Дала өркениеті»
06.30 «Tolagai»
07.25 «Сағындырған әндерай!»
08.00 «Aqsauyt»
08.25 Д/ф «Ұзақ ғумыр құпиясы»
09.25 «Masele»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Егіз лебіз»
14.15 М/ф «Жасып коршау»
15.30 Қайрат Нұртастыңконцерті
17.10, 02.05 «Қымбат жандар»
20.00, 01.15 «Арта»
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»

ХАБАР

06.00 «Сені ұмытқан жоқпын»
07.30 «Самопознание»
07.40«Әсем әуен»
08.15 Т/х «Сүрбойдақ»
10.30 «Хронограф»»
11.00 «Чужое гнездо»
13.00 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
16.00 «Алтыбақан»
17.00, 19.00 «Qazaq Golden Hits»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.15 Шоу «Маска»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.00 «Расправа»
01.00 «Pro SPORT»
23.30 «Khabar boxing»
01.00 «Әзіл кеші»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30, 05.10 «Үздік әзілдер»
07.30 Х/ф «джентельмены удачи»
09.10 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Тұмарым»
12.00, 21.00 Т/х «Қызым»
13.00, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.30 Х/ф «Такси-5»
16.40 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00«Тәуелсіздік жолы»
20.25 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.20 «Bas times»
01.30 «Астана кеші көнілді»
03.30 «KazNet»
03.50 «Әзілстан» жасарын камера
04.10 «Ән мен әзіл» концерттік

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тера Нова»
07.00 «Той базар»
07.50 «ТамашаCity»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Клянусь любить тебя вечно»
13.20 Х/ф «не ждали»
15.30 «Точь-в-точь»
18.00 «Біздің ел»
18.35 «Кеш жарық, Қазақстан!»
20.00 «Аналитика»
20.55 «Семейное дело»
00.45 «КВН» Высшая лига
01.00 «Что?Где?Когда?»
02.40 «П@ytina+»
03.25 «Біздің ел»
03.55 «Той заказ»

КТК

07.05 «Әйел қырық шарақты»
07.50 «Құс жолы»
09.50 «Смеяться разрешается»
11.30 «Училка»
15.30 Т/х «Қиын шақ»
17.00 «Можно мне тебя обнять:»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Под дождем не видно слез»
23.40 «Ф.И.Л.И.Н»
02.05 К/ф «Өшпенділік»
03.00 Т/х «Қиын шақ»
04.20, 04.50 «КТК»Қоржынынаң»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Зерде»
11.40 «Алматы облысы - 20 жыл»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Жүрексөзі»
12.35 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.00 «Қателік»
13.40 «Тарих парақтары»
14.05 «Әсем әуен»
14.30 «Теория Z»
15.00 «Золушка» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Қазақүні»
17.35 «Полицейская служба»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Спорт-тайм»
18.24 Ауарайы
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Әкелердің әңгімесі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Мой новый лучший друг»
00.20 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30, 00.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.20 «Армагеддон»
08.20 «What'sup?»
08.50 «Bala Battle»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 М/с «Тимон и Пумба»
12.10, 21.00 «Ян Гуфей»
13.10 М/ф «Садко»
15.00 Х/ф «Начни сначала»
17.20 Х/ф «Колдунья»
19.30 Х/ф «Моя девушка – монстр»
23.30 «Полный Блэкаут»
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.15 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30 Скетчком «Q-eli»
08.30 «Япырай»
09.00, 01.00 «Юмор! Юмор! Юмор!»
11.00«Жребий судьбы»
14.50 К/ф «Әкешім»
17.40, 02.45 Т/х «Suikimdi stories»
18.50 Т/х «Изоляция»
21.00 Х/ф «Добро пожаловать в капкан»
23.00Х/ф «6 дней»
05.30 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

ҮЗДІК ОҚУ ОРНЫ

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің ең танымал, әлемдік деңгейдегі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде республикамыздың әр аймағынан, алыс-жақын шет елдерден келіп, білім нәрімен сусындап жатқан жастарды еліміздің ертеңгі тірегі деп білеміз. Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші, әрі әлемдік білім нарығындағы бәсекеге қабілетті 800 университет арасында 160-шы орынды иемденуі университеттің білім мен ғылымның ұлттық көшбасшысы екендігін айғақтайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды. Болашақ мамандар көпсалалы механика-математика, физика, биология, химия, филология, журналистика, тарих, география, философия және саясаттану, экономика және бизнес, заң, шығыстану, халықаралық қатынастар, шетелдік азаматтарға арналған дайындық сияқты факультеттерде білім алады. Білім алушылардың жан-жақты дамып, өзін-өзі кемелдендіріп, заманауи көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыруы үшін барлық жағдай жасалған.

Университет құрамындағы Философия және саясаттану факультеті еліміздің қоғамдық-әлеуметтік саласына қажетті мамандарды дайындауда орасан зор жетістіктерге жетіп отырған факультеттердің бірі болып саналады. Факультетте Ресейдің жетекші университеттерімен, шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен бірге қос дипломды білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады. Факультет құрамындағы 6 кафедрада республикаға танымал ғалымдар, білікті мамандар қызмет етеді. Мамандықтардың кәсіби және өмірлік мәселелердің шешімін өзіндік шешу стимулдарын білуге, интеллектуалды, мәдени, адамгершілік және физикалық дамудағы тұлғалық қасиеттерді бойға жинақтауға көмектесе отырып, әр студенттің табиғи талантын ашуға, әлеуметтік өзгерістерге бейімделу дағдыларын үйренуіне, мінез-құлықтың позитивті үлгілерін дамытуларына мүмкіндік тудырады.

Факультеттегі көшбасшы кафедралардың бірі – Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы өзінің 80 жылдан астам тарихында педагог мамандарды дайындаудың үлгісі болып келеді. Педагогикалық бейіндегі мамандарды даярлайтын ежелгі кафедраларының бірі ретінде оның қалыптасуы мен дамуы ұзақ мерзімді қамтиды.

Қазіргі уақытта кафедра университеттің педагогикалық мамандықтарын жаппай қамтамасыз етуден бастап «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» білім беру бағдарламасының «бакалавриат, магистратура, PhD докторантура» үш сатылы жүйесіне өту кезеңінде жұмыс істеп келе жатыр. Болашақ әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі, педагог-психолог сияқты қазіргі қоғамға аса қажет маман иелерін дайындауда кафедраның атқарып жатқан істері университетіміздің үздік жоғары оқу орындарына қойылатын талаптар тұрғысынан үнемі жетілдіріліп, дамып отырады.

Профессор-оқытушылар құрамында елімізге ғана емес, сонымен қатар ТМД елдеріне, шетелдерге де есімі таныс ғылым докторлары мен кандидаттары және жас ғалымдар PHD докторлар мен педагогика ғылымдарының магистрлері дәрістер оқып, практикалық сабақтарды жүргізеді. Кафедрада студенттердің сапалы білім алуына қажетті түрлі үйірмелер, клубтар жұмыс жасайды. Қорыта айтқанда әлемдік таңдаулы университеттердің қатарынан орын алған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің болашақ дамуы еліміздің игілігіне қызмет ететін мамандарды дайындау кепілі деп айта аламыз.

Бақыт ӘРІНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,
пед. ғыл. кандидаты
Алтынай ТАСИМОВА,
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының
4 курс студенті.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы дегеннің мағынасына тереңірек үңілер болсақ, ол – бір тұлғаның екі немесе одан да көп қылмыстар жасауы. Бұл әрекеттері үшін тұлғаның сотталған - сотталмағандығы ескерілмейді. Теория, практика жүзінде де қылмысты бірнеше рет жасау екі түрге бөлінеді: жалпы және арнайы.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 12-бабының талаптарына сәйкес осы Кодекстің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасалуды құрамайды.

Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды. Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық, яғни бір пиғылмен және бір мақсатпен ұштасып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын, құқыққа қарсы бірқатар бірдей іс-әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады. Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қылмыстардың көптігін жекелеген қылмыстан, яғни қылмыстың бір ғана құрамының белгілерінен тұратын әрекеттен ажырата білу керек. Егер де жасалған қылмыс қарапайым құрамның белгілерінен тұратын қылмысты қылықтың бір ғана көрінісі болса, әрине, жекелеген қылмыс түрін қылмыстардың көптігінен ажыратып алу, әдетте, қиынға соқпайды. Бір ғана тұлғаның бірнеше рет қылмысқа баруы – қоғам үшін аса қауіпті болып табылады.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Арамшөптердің биологиялық алуан түрлілігіне қарамастан мәдени дақылдарды зақымдауы, өмір сүру формасы мен таралу ерекшеліктері ұқсас болып келеді. Бәрінде бір мақсат, бір мүдде. Қандай жағдай болмасын қоршаған ортаға бейімделу арқылы мәдени дақылдар егістігінде емін-еркін сауық-сайран құрып, өз билігін мәдени дақылдарға жүргізбей қоймайды. Соның ішінде атын атап, түсін түстейтін, ерекше назар аударарлық, қазіргі таңда күллі шаруа иелерінің негізгі бас ауруына айналған-кәдімгі ошаған (дурнишник обыкновенный)

ЕГІСТЕ ЕРКІН КӨСІЛГЕН

Кәдімгі ошаған (дурнишник обыкновенный) - астрагүлділер тұқымдасына жататын біржылдық жаздық арамшөп. Кіндік тамырлы. Сабағы тік, бұтақталған, түкті, биіктігі 20-100 см. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, дөңгелек-үшбұрышты немесе жұмыртқа тәрізді, сұр-жасыл, ақшыл түкті, ұзын сабақты, жеміс шоғыры жұмыртқа тәрізді, ұзындығы 10-15 мм, ені мен жуандығы 5-8 мм-ді құрайды. Жеміс шоғырының салмағы 100 гр.шамасында. Ең төменгі өсу температурасы 14-16 С. Өскіні сәуір-мамырда (маусымда) пайда болады. Шілде-тамызда гүлдейді. Тамыз-қарашада жеміс береді. Ең жоғары өнімділігі 23700 тұқым. Олар топырақтың 18-20 см-ден аспайтын тереңдігінен өніп шығады. Жаңа піскен жеміс шоғыры өнгіш келеді. Барлық жерлерде таралған, барлық дақылдар егістерін ластайды.

Әр шаруаның ден қойып, анасының сәбиін мәпелеп өсіргені секілді егістік жеріне де дәл сондай жанашырлықпен қарайтыны белгілі. Қазіргі таңда пайда болған дақылдардың түрлі ауруы, зиянкестері мен арамшөптері болсын оларға қарсы қолданылатын шаралар да асып жығылады. Солардың бірі әрі бірегейі, қарапайым агротехникалық шараларды уақытылы әрі дер кезінде орындау келетін қауіп көлемінің анағұрлым төмендеуіне өз ықпалын тигізеді. Химиялық препаратты қолдану кең көлемде етек жайған шаралардың бірі, дегенмен де дәрілік мөлшердің шамадан тыс болуы, қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларының сақталмауы өзіңіз бен өзгеге және қоршаған ортаға алып келетін зиянды салдары өте жоғары. Барлығы ақыл таразысына салынып, нақты шешіммен қолданылуы шарт. «Жеті рет өлшеп,бір рет кес» деген қағидаға дәл осы жағдайда амал етілуі қажет.

М. ҚАЙРАТОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесі
Ескелді ауданының герболог маманы.

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА

БАСЫМ БАҒЫТТАР

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейте отырып, оның мәртебесін арттыру қажет. Бұл тұрғыда республика көлемінде көптеген іргелі істер атқарылуда. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы солардың бірі болып табылады.

Аталмыш бағдарлама Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына; «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы.

Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына және 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына; Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленген.

Көрсетілген нормативтік құжаттар осы бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Сондықтан бағдарламада ұсынылған басым бағыттарды басшылыққа алып, істі ұтымды ұйымдастырса нәтижелі болары хақ. Мәселен, Президент Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты шаралар негізінде еліміздегі этностық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасау және қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту қажеттігін атап өткені баршаға аян. Осыған байланысты, бағдарламада Қазақстан аумағындағы этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде терең тарихи, мәдени және психологиялық базасы бар мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы үшін қажетті шаралар көзделген.

Ғани КАМАЛ,
Талдықорған қалалық сотының жетекші маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Ерғали АБДРАСИЛОВ: «ШЫНАЙЫ ТҮРДЕ БЕЙНЕЛЕУ – БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ»

18 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙЛЕР КҮНІНЕ ОРАЙ МҰРАЖАЙЫМЫЗДЫҢ ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ КӨРКЕМ-БЕЗЕНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АВТОРЫ, СУРЕТШІ, ҚАЗАҚСТАН СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ҚАЛАЛЫҚ БАЛАЛАР КӨРКЕМСУРЕТ МЕКТЕБІНІҢ ҰСТАЗЫ, АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ ЕРҒАЛИ АБДРАСИЛОВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

– Құрметті Ерғали аға, облысымыздағы көптеген музейдің, қаламыздағы бірнеше қоғамдық ғимараттың безендіру жұмыстарын атқарып жүрсіз. Бұл жұмыспен шұғылданып жүргеніңізге қанша уақыт болды?

– Суретші ретінде безендіру жұмыстарымен шұғылдануым 1975 жылдан басталады. Ең алғашқы жұмысым мектеп қабырғасында Ленниннің бөлмесін жасаудан басталды. Ол кезде «күн көсем» КСРО-дағы басты тұлға еді. Осы жұмысым бірінші орын алып, «Пионер» газетінде жарық көріп, бағаланды. Оқушы кезімнен бастап безендіру жұмыстарына араласқаным бүгінге дейін жалғасуда. Кеңестік идеология кетіп, ұлттық болмысымызды түгендеу, сананы жаңғырту мәдени-тарихи, әдеби-эстетикалық құндылықтарға жаңаша қарауға жол ашты ғой. Міне осы бағытта, Ілияс Жансүгіровтің 100 жылдық мерейтойына орай, 1994 жылы, Алматы және Талдықорған қалаларының суретшілері арасында Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің экспозициясын жаңаша, заманауи тұрғыда безендірудің жоспарын көрсетуге облыстық мәдениет басқармасы ұсыныс жасады. Ақын Ілияс Жансүгіровті бәріміз білген күннің өзінде тума таланттың терең шығармаларын түсініп, тану қажет. Сонымен қатар, көрерменге қандай безендіру-шешім арқылы көрсету керек, қалай көрсетсек әдемі және түсінікті болады деген сұрақтар туындап, сол жағына көбірек көңіл бөлдік. Нәтижесінде менің жасаған жобам құпталып, Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің директоры Далбағаев Егеубек Даданбекұлының қолдауымен және әдебиетші мамандардың, музей қызметкерлерінің көмегімен музейдің тақырыптық жоспары дайындалды. Осы жоспарға сәйкес безендіру жұмыстары жасалды.

– Музейдің кіре берісіндегі қабырғада композициялық кескіндеме орын алған. Осы жұмыстың мазмұнына тоқталсаңыз?

– Әрбір тұлғаның музейі сол адамның өмірбаянынан, туған жерінен басталады. Көркемдік шешім жағына келсек, бұл жерде бейнелеу өнерінің әр түрлі жолдары арқылы алдымен тұлғаны таныстыру қажет. Сондықтан, осы қабырғадағы композициялық кескіндеме жұмысы Ілияс Жансүгіровтің өміріне арналған. Қазақ халқында дүниеге сәби келгенде тәңірге ризашылығын білдіріп, дүркіретіп той жасап қуанышқа бөленген. Ілиястың да өмірге келуі отбасы үшін керемет қуаныш болды. Сол сәтті бейнелеу үшін Ілиястың әкесі дүниеге нәресте келіп жатқанына қуанып, Тәңірден жалбарынып сұрағанымды берді деп, ат шаптырып той жасап қуанып жатқан кезі, анасы баласын бесікке салып тербетіп отырған сәті бейнеленген. Күнмен көп жақсылық байланысты. Күн – өмір болса, тіршілік нәрі – су бейнеленген. Кескіндеме гобилен техникасына ұқсас мәнермен жасалған. Гобелен қазақтың киіз басу, алаша, текеметтерді еске түсіреді.

Композиция ақынның дүниеге келуімен басталып, жалғасы оның өміріне арналады. Кеңес Одағында білім алып, жетілгенімен халқының бас бостандығын армандап өткен ақынның бейнесінің артында киіз үйдің символикасы, оның бергі жағында кремльдің қабырғасы тас құрсау сияқты бостандықты шектеп тұрды. Ақын қазақ халқының ой-дәрежесін жетілдіріп, тарихтағы кезеңдерді шығармалары арқылы көрсетіп үлгеріп кетті. Екінші жағынан қарайтын болсақ, Кеңес одағында мұндай кемеңгер адамдардың қазақ халқының ішінде болуы қауіпті көрінді. Сондықтан да өсіп, тұлғаға айналған шағында Ілияс Жансүгіров саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болып, жала жабылып, өмірінің соңы трагедиямен аяқталды. Композициядағы Кеңес саясатының кезеңі күз мезгіліне теңестіріліп бейнеленгенмен, ақынның ішкі сезімінде халқының болашағы жасыл жапырақтай жайнап өсетініне сенді. Ілиястың артқы фонындағы бейнеленген күн оның ешқашан үмітінің өшпегенінің көрінісі. Сонымен қатар, дарынды ақынның «Күй», «Күйші», «Құлагер», «Дала» поэмаларының кейіпкерлерінің бейнекөріністері қосылды. Төменде жас талдың өсіп тұрғаны – бұл Ілиястың өміріндегі қазақ халқы үшін жасаған еңбегі бекер кеткен жоқ, оның шығармаларының мәңгі өлмейтіні, өмірінің жалғасы міндетті түрде болатыны бүгінге дейін аян болып тұр. Қазір еліміздің мақтанышына айналған Ілияс Жансүгіров шығармаларының келешек ұрпақ үшін алатын орны өте зор екенін бәріміз білеміз. Осындай негізгі ойлар кескіндеменің пайда болуына себепші болды.

– Музейлерде тарихи оқиғалар диорама арқылы шынайы көрсетіледі. Ал диораманы жасау кезінде шебердің көркемдік талғамы және тарихи білімі талап етіледі. 2011 жылы Далбағаев Егеубек Даданбекұлының ұсынымен экспозицияға жаңаша өзгеріс енгізіп, Ілияс Жансүгіровтің шоқтығы биік шығармасы «Құлагер» поэмасына 75 жыл толуына орай «Құлагердің опат болуы» атты диораманы жасадыңыз. Онда жауыздық пен қастандықтың құрбанына айналған Құлагердің қақ шекесіне айбалта тиіп, құлаған кезі бейнеленген. Диораманың жасалу тарихын айтып берсеңіз?

– Диораманың жасалуының негізгі себебі Ілияс Жансүгіровтің халықтың арасында кеңінен тараған «Құлагер» поэмасындағы жүйрік Ақан серінің Құлагері болса, жыр жазуда алдына жан салмаған дара тұлға Ілияс болды. Диораманы осы жерге орналастыру бізге қиындық тудырды. Өйткені, бұл өте тар жер. Көркемдік жағына келер болсақ, бұл шығарманың шарықтау шегі (кульминация). Арқадағы Сағынайдың асына берілген бәйгеде алда келе жатқан Құлагерді ішін қызғаныш кернеген Батыраштың жіберген қарақшысы айбалтамен қақ шекеден соғып құлатады да, жүйрік ат мерт болады. Диорамада Құлагер басты кейіпкер секілді көрінгенмен, айтылатын негізгі ой Ілияс Жансүгіровтің жалған жаланың құрбаны болып, жазықсыз жапа шегуі. Екі жүйріктің тағдыры тең түскендей. «Қыспақ жол Жыландының жырасында, Қақтығып бір-біріне ат тығылды» деген сөздердің өзі бізге қандай жерде болғаны жайында көріністі көз алдымызға келтірді. Ал көрерменге сол біз көрген көрініс дәл сондай етіп, шынайы түрде бейнелеу біздің міндетіміз. Құлагердің құлап жатқанынан гөрі, құлап бара жатқанын көрсетуімнің себебі, жүйріктің оңай жеңілмейтінін көрсетеді. Сол ас өткен жердің бедерін, сол мезгілдегі табиғат көрінісі бейнеленген. Бұл диораманы жасау үшін көп іздендік. Бірнеше сызба-жобалар (эскиздер) дайындалған болатын. Диораманы жасау барысында Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Белла Сағадиева, Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі Еділбай Қарабалаев әріптестерімнің еңбегін айта кеткім келеді. Ал, жасалған диораманың бағасын көрермендер өздері бере жатар. Егер көрерменнің көз алдына сол кездегі оқиғаны елестете алатындай деңгейде жасалған болса, біздің мақсатымызға жеткеніміз деп есептеймін.

– Ілияс Жансүгіровтің дүниеге келген, туып-өскен, оның ақындық тұлғасы қалыптасқан ортасына арналған бөлмеге кіргеннен қобыздың пішіні айналасындағы көркемдік безендіру шешіміне әсер еткені көрініп тұр. Осы жердегі ұтымды жасалған безендіру ерекшелігіне тоқталсаңыз?

– Бөлмедегі шешуші рөлді атқарып тұрған Молықбай Байсақұлының қобызы. Қобыздың бейнесін пайдалана отырып, символды түрде адырна саз аспабы қосымша декоротивті элемент болып тұр. Қабырғаға екі витриналар орналастырылды. Оның ішінде қазақтың қол өнері және зергерлік бұйымдар көрсетілген. Сонымен қатар, Ілиястың әкесі Жансүгір, өнер, білім жолындағы санасын оятқан екінші рухани әкесі Абай Құнанбаев, Сүйінбай Аронұлы, Сара Тастанбекқызы секілді ақынның шығармашылық баюына әсер еткен тұлғаларға арнап жазған пікірлері орын алған.

– Бөлменің дәл ортасында орналасқан «Мамания» мектебі макетінің жасалуы жайында айта кетсеңіз?

– Бөлменің композициялық орталық болып «Мамания» мектебі макеті орналасқан. Макет Ілияс Жансүгіровтің 100 жылдық мерейтойына орай жасалды. Оны жасауға Молықбай Байсақұлының қобызының көшірмесін жасаған ағаш шебері, марқұм Қадірсейіт Бөлебаев үлкен үлес қосты. Көрерменге, бүгінгі жастарға әсер ететін мектептің макеті оның фотосуретіне қарап жасалды. Сонымен қатар, осы бөлмеде Ілиястың Мәскеудегі білім алған шағы, қызметтес болған азаматтар және отбасының фотосуреттері мен құжаттары, кітаптары және жұбайы Фатиманың жеке заттары көрсетілген. Солардың барлығын музей қызметкерлері өздеріңізбен ақылдаса отырып, бірлесе шешім қабылдағанымыз әлі есімде. Кейіннен де өздеріңізбен кездескенде сәтті шешім болғаны, көрерменнің көңілінен шыққанын естігенде мерейленгенім де рас.

– Ақын кабинеті туралы да айта отырсаңыз. Бөлменің тарлығына байланысты кабинеттің бір бөлігі ғана көрсетіліп, экспозиялық витриналармен үйлесімді жалғасқан. Осы бөлмені жасағанда қиындықтар туды ма?

– Бұл үй музейге арнап салынған ғимарат болмағаннан кейін, әрине, бөлмелердің тарлығы кедергі болды. Сол замандағы үстел, аспалы шам, ағаштан жасалынған сағат, баспа машинкасы, патефон ақынның кезінде пайдаланылған заттар мен жиһаздарға қоса ойластыра отырып, сол заманға сай үлгіде кітап сөресін жасап, толықтырдық. Витрина және ақынның ұрпақтарына арналған коллаж орналасқан.

– «Ақынның айыпталуы мен ақталуына арналған бөлмеде» тақырыпқа байланысты құжаттардың көшірмелері орналасқан. Бөлмені безендіріп қана емес, құжаттардың орналасу тәртібін сақтауға көңіл бөлген екенсіздер...

– Осы әдеби музейді Ілияс Жансүгіровтің тағдыры туралы жазылған кітап деп есептесек, сол кітаптағы ақын өмірінің ең трагедиялық кезеңі көрсетілген беті осы бөлмеде орналасқан. Ақын ретінде шығармашылығы бір төбе болса, қоғам қайраткерінің өмірі бір төбе. Жазушының тағдыры осы құжаттар арқылы көрсетілген. Белгілі бір тәртіппен орналасқан құжаттар көрерменнің көңілін өзіне аудармай қоймайды. Ақынның айыпталуы мен ақталуына байланысты құжаттар коллаж түрінде көрсетілген. Коллаждың артқы фонында тордың арғы жағындағы азаматтарымыздың өмірлерін шешкен құжаттар көрсетілген. Әрине, ақын ақталды. Осыған байланысты бөлменің екінші жартысында ақталуына байланысты құжаттар орналастырылды. Бір бөлменің өзінде ақ пен қара арпалысқандай.

Құғын-сүргін құрбаны болып ұсталып, кейіннен ату жазасына кесілген арыстарымыздың мәйіттері Талғар ауданы қарасты Жаңалық ауылынан табылды. Құрбан болған боздақтарымызды еске алу мақсатында терең оймен тұрғызылған ескерткіш-мемориалдың (Авторлық ұжым ТОО «Компания Кумбез» 1. Мухамеджанов Б.А. 2. Джанбуршин М.С. 3. Мусылманбеков Б.А.) макеті көгілдір аспанда ұшып жүрген бейбітшіліктің символы кептерлер және құрбандардың аты-жөндері жазылған көркемдік коллаждың алдында орналасқан. Бұның барлығы, яғни, мазмұндық тұрғыдан толтыру әрине, музей қызметкерлерінің жемісті еңбектерінің арқасында мүмкін болғанын да ерекше атап айтқанымыз жөн.

– Қазіргі кезде музейге келушілер қатары көбейген. Ақынның шығармашылығына арналған бөлмеде көрермендердің қызығушылығын арттырып, көңілінен шыққан Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасына 80 жыл толуына орай диорама жасалған. Сол уақытқа сай жиһаздар, қазақ үйдің жабдықтары мен бұйымдарын, кейіпкерлердің киімдерінің үлгісін дөп тауып, жасау көп ізденуді талап еткен шығар?

– Әдеби жазылған шығарманы диорама арқылы көрсету оңай емес. Бірақ бұл диорама көрерменге көп мәлімет бере алады. Диораманы жасау жолында ең алдымен эскиз жасалады. Ақын болған оқиғаны өлең арқылы беретін болса, біз сол шығарманы бейнелеу арқылы көрсетеміз. Диораманың суреттен айырмашылығы ол көріністі шынайы да көлемді етіп, кеңістікте жасалады. Бұл жердегі қиындық кинодағы адам қозғалысымен, іс-әрекетімен, сөзімен түсіндірсе, диорамадағы кейіпкерлердің бейнесі бейнеленгенімен ешқандай қозғалыс, дыбыс жоқ. Көрермен поэмадағы болған оқиғаның бір сәтінің көрінісін көріп, кейіпкерлердің біріндей болып сезінеді. Бұл көп ізденісті қажет ететін жұмыс. Әрине, мұндай жұмыстарды жасап шығу көп уақытты алады. Осы музейдің экспозициясын және диараманы жасауға қатысқан талдықорғандық суретшілер ҚР Суретшілер одағының мүшелері Мұратхан Абдилдаев, Бақыт Ахметов, Естай Ахметов, Қарлығаш Шалабаева, Әлия Бакировалардың еңбектері зор. Сонымен қатар бұл бөлмеде ақынның шығармаларына арналған жергілікті суретші Жеңіс Шідербаевтың кескіндемелік жұмыстары үйлесімді орнын тапқан.

– Соңғы «ізбасарлар бөлмесіндегі» ақынның 125 жылдық мерейтойына орай жарық көрген шығармалары мына шыны-пирамиданың ішінде орналасқан. Витринаны пирамида үлгісінде жасауыңыздың себебі неде?

– Бұл бөлмеде Ілияс Жансүгіровтің әр мерейтойына арналған іс-шаралардың фотокөріністері, жарық көрген кітаптар және де ақынның ізбасарлары, ілиястанушылардың ғылыми шығармалары бар. Безендірулік шешім жағына келсек, Ілияс ізбасарларының фотопортреттері үлкен символдық бәйтеректің үстіне орналасқан. Қаламгердің бүкіл өміріндегі баға жетпес көп томдық шығармалар жинағы әлемнің жеті кереметінің бірі – пирамида пішінінде жасалған витринаның ішінде Ілиястың сувенирлік бюстімен қатар орналасқан. Әлемнің жеті кереметінің бірі Мысырдағы пирамида сияқты Ілияс Жансүгіровтің мол мұрасы да сегізінші кереметі сияқты.

– Болашақта Ілиястың «Жетісу суреттері» шығармасына диорама жасасақ деген ойымызды өзіңіз білесіз. Осы жоспарымызды іске асыруда біз бен сіз жұмыла бірігіп, шешеміз деген ойдамыз.

– Алда тұрған жұмыстарды сапалы да мазмұнды етіп шығаруда осы уақытқа дейінгі тәжірибеміздің көмегі болады деп есептеймін. Сонымен қатар, жергілікті әріптестерімізбен қосылсақ, қандай да болмасын күрделі жұмыстарды абыроймен атқарып шығамыз деп сенемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Салтанат ТӨЛЕГЕНОВА,
Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің
аға ғылыми қызметкері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

СОБЛЮДЕНИЕ НАДЛЕЖАЩЕЙ ФОРМЫ ИСКОВОГО ЗАЯВЛЕНИЯ - ОДНО ИЗ ВАЖНЫХ УСЛОВИЙ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРАВА НА ПРЕДЪЯВЛЕНИЕ ИСКА. ИСКОВОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ ПОДАЕТСЯ ОБЯЗАТЕЛЬНО В ПИСЬМЕННОМ ВИДЕ И ДОЛЖНО СОДЕРЖАТЬ ОПРЕДЕЛЕННЫЕ РЕКВИЗИТЫ, УКАЗАННЫЕ В СТАТЬЕ 150 ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РК.

ПОРЯДОК ОБРАЩЕНИЯ В СУД С ИСКОМ

Наряду с тем, что в исковом заявлении должны содержаться общие для всех категорий дел сведения, его содержание должно отражать специфику спора, подлежащего разрешению. В нем, независимо от характера спора, должно быть указано наименование суда, в который подается исковое заявление, а затем обозначены все необходимые сведения об истце (ф.и.о., место регистрации и фактического проживания, телефон, а, в необходимых случаях - год рождения). Такие же сведения должны содержаться и об ответчике.

Если же одной из сторон является организация, то, помимо точного наименования в соответствии с зарегистрированным уставом, должно быть указано и место её нахождения.

Необходимо четко указать обстоятельства, на которых истец основывает свое исковое требование к ответчику, а также доказательства, подтверждающие обстоятельства, изложенные истцом в обоснование своих требований.

Важное значение имеет точное изложение того материально-правового требования истца к ответчику, которое составляет предмет иска. Исковое требование определяется характером спорного правоотношения, из которого вытекает требование истца. По существу просьба истца, реализованная в виде этого требования, и составляет просительный пункт искового заявления. От того, насколько четко и юридически грамотно сформулировано исковое требование, зависит и уяснение позиции, занимаемой истцом.

В связи с этим закон подчеркивает, что истец в исковом заявлении должен указать, в чем заключается нарушение или угроза нарушения прав, свобод и законных интересов истца и его требования.

В исковом заявлении могут содержаться сведения о номерах телефонов, факсов, адреса электронной почты истца, его представителя, ответчика, иные сведения, имеющие значение для рассмотрения и разрешения дела, а также излагаться ходатайства истца.

Такие ходатайства могут носить разнообразный характер и касаться, в первую очередь, его просьб, связанных с собиранием доказательств, вызовом свидетелей, назначением экспертизы, разрешением вопросов об обеспечении иска, привлечением в процесс других участников процесса.

Исковое заявление должно быть подписано истцом или его представителем, имеющим соответствующие полномочия.

Даурен ЖАНАЙБЕКОВ,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ СОГЛАШЕНИЕ

Процессуальное соглашение заключается между прокурором и подозреваемым, обвиняемым или подсудимым на любой стадии уголовного процесса или осужденным в порядке и по основаниям, предусмотренным УПК. Действующий уголовно-процессуальный кодекс предусматривает два вида соглашений: в форме сделки о признании вины – по преступлениям небольшой, средней тяжести, либо тяжким преступлениям – в случае согласия подозреваемого, обвиняемого с подозрением, обвинением; в форме соглашения о сотрудничестве – по всем категориям преступлений при способствовании раскрытию и расследованию преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, совершенных иными лицами, а также экстремистских и террористических преступлений.

В судебном заседании при согласительном производстве участвуют только прокурор, подсудимый и его защитник. Рассмотрение дела начинается с разрешения отводов и ходатайств, процессуального соглашения о признании вины. Выслушав прокурора, председательствующий выясняет у подсудимого, понятна ли ему сущность процессуального соглашения и согласен ли он с ним. Судья также вправе разъяснить подсудимому сущность процессуального соглашения и задать вопросы подсудимому и его защитнику по обстоятельствам заключения процессуального соглашения о признании вины. После окончания рассмотрения процессуального соглашения председательствующий выясняет у подсудимого, какой срок ему потребуется для добровольного исполнения судебного акта в части имущественных взысканий, предусмотренных в соглашении, при этом выясняет его семейное и материальное положение. Подсудимому должно быть также предоставлено право что-либо дополнительно сообщить суду. После выслушивания подсудимого председательствующий удаляется в совещательную комнату.

Для рассмотрения дела законом отведено 10 суток, с возможностью продления ещё на аналогичный срок. Также законодательно закреплено право государственного обвинителя, подсудимого и его защитника заявить в суде ходатайство о заключении процессуального соглашения о признании вины. В этом случае судебный процесс прерывается с предоставлением сторонам разумного срока для его заключения. После его заключения процессуальное соглашение о признании вины предоставляется судье, который постановляет о продолжении рассмотрения дела в согласительном производстве. Если согласие не достигнуто, рассмотрение уголовного дела судом продолжается в общем порядке.

Олег АНИСИМОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ СРОК

Так как в Республике Казахстан не все люди знают свои законные права, более половины населения юридически беззащитны и не представляют, что такое исковое заявление и какие последствия могут наступить в случае удовлетворения требований истца. Возникает масса вопросов, в том числе, возможно ли защищать себя самостоятельно или обратиться за помощью к третьим лицам в лице адвокатов?

ПО ВЫЗОВУ СУДА

Порой физическому лицу достаточно знать элементарные действия.

Так, если по почте, либо мобильной связи поступает извещение о явке в суд, необходимо выяснить причину вызова вместо того, чтобы остаться дома и игнорировать приглашение в суд. Извещение носит довольно подробную информацию о том, в качестве кого лицо вызывается в суд, с указанием фамилии судьи, секретаря, номера телефона и кабинета.

Гражданским процессуальным законодательством закреплено право в ознакомлении с материалами дела. При наличии на руках искового заявления можно узнать основания предъявления исковых требований, имя истца и дату судебного слушания. Понимая суть иска, можно делать выводы и оценивать степень риска ответчика. На первоначальном этапе производства уже возможно определить, нужен ли защитник. Заметим, что исковое заявление является основным документом, на основании которого принимается судом дело к производству. Если исковое заявление пришло по почте и ответчик может узнать из него нужную информацию – это положительный момент, но часты ситуации, когда ответчику приходит только повестка в суд и знакомиться с материалами дела нужно самостоятельно.

Процессуальный срок - это отрезок времени, который предусмотрен законом или назначен судьей, в течение которого должно или может быть совершено процессуальное действие. Процессуальные сроки в гражданском процессе очень важны, так как их несоблюдение сделает невозможным судебное разбирательство.

Надлежащее извещение ответчика, не явившегося в суд, является основанием для рассмотрения гражданского дела в заочном порядке с учетом доказательств, представленных истцом.

Поэтому, учитывая, что для рассмотрения определенных категорий гражданских дел для суда установлены сроки, в целях реализации защиты своих прав, гражданам необходимо своевременно реагировать на вызов суда в целях правильного разрешения дела.

Санжар ЛАЗАРОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

НОВОСТИ

САМЫЙ БОЛЬШОЙ САМОЛЕТ В МИРЕ ПОДНЯЛСЯ В ВОЗДУХ

Размах крыльев самолета составляет 117 метров

Самолет Stratolaunch Model 351, известный также как Roc, совершил свой второй полет. 29 апреля он поднялся с площадки аэрокосмического порта Мохаве в Калифорнии. Полет длился немногим больше трех часов. Roc поднялся на высоту четыре тысячи метров и достиг скорости 320 кмч., сообщает www.popmech.ru

Уникальность двухфюзеляжного Stratolaunch Model 351 — его размеры. По размаху крыла он не имеет себе равных — длина составляет 117 метров.

В движение он приводится шестью турбореактивными двигателями Pratt & Whitney PW4000. Полезная нагрузка самолета составляет 227 тысяч кг, а взлетная масса — 540 тысяч кг. Максимальная дальность полета самолета с полной нагрузкой — 2200 км.

Roc изначально был предназначен для воздушных запусков космических аппаратов с помощью специальных ракет-носителей. Автором проекта был Пол Аллен, соучредитель корпорации Microsoft, которую он основал вместе со своим школьным приятелем Биллом Гейтсом в 1975 году.

Пол Аллен основал Stratolaunch в 2011 году с идеей, что Roc будет использоваться для запуска спутников в воздухе. Но Аллен умер в октябре 2018 года, так и не увидев, как двухфюзеляжный Roc оторвался от земли.

Самолет совершил свой первый полет в апреле 2019 года. Новые владельцы компании планируют использовать самолет в качестве мобильной стартовой платформы для гиперзвуковых аппаратов Talon-A, чьи полеты запланированы на 2023 год.

Ранее стало известно, что на основе мотора, который устанавливается на автомобили Aurus, построили авиационный двигатель. Его установят в самолет Як-18Т.

Наш.корр.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ОБУЧАЮТ БИЗНЕСУ

По сообщению пресс-службы РПП области, в 2021 году в Алматинской области в рамках обучающего проекта «Бастау Бизнес» по основам предпринимательства планируется обучить 3000 человек. Об этом в ходе брифинга на информационной площадке «JETISÝ MEDIA» рассказала начальник отдела нефинансовой поддержки предпринимательства Палаты предпринимателей Алматинской области Сания Наурызбаева.

Как отметила спикер, проект «Бастау Бизнес» в рамках государственной Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» направлен на обучение казахстанцев предпринимательским навыкам. только в прошлом году 3 022 безработных и начинающих предпринимателей региона обучились азам бизнеса. Всего из числа обученных по проекту с учетом завершивших в прошлые годы, финансирование получили 2039 человек на общую сумму 1,8 млрд тенге.

«В этом году запланировано обучить по проекту «Бастау Бизнес» 3000 человек. Определены бизнес-тренера и консультанты, сопровождающие данный проект в районах и городах. В целом будет организовано обучение по 5 потокам и продлится до сентября текущего года. В связи с карантинными мерами обучение будет проходить в онлайн формате в течение 21 дня», - сообщила начальник отдела нефинансовой поддержки предпринимательства Палаты предпринимателей Алматинской области Сания Наурызбаева.

В проекте могут участвовать безработные, зарегистрированные в Центре занятости населения, а также люди с особыми потребностями, лица старше 50 лет до достижения пенсионного возраста, молодежь категории NEET, члены малообеспеченных или многодетных семей, члены сельскохозяйственных кооперативов, переселенцы и кандасы. Претенденты обращаются в Центры занятости населения по месту проживания. После выданного направления обращается в Региональную палату «Атамекен» или его филиал, либо может самостоятельно зарегистрироваться на сайте atameken.co Далее «Атамекен» проводит обучение участников, по итогам которого выдается сертификат. С этим сертификатом выпускник проекта может претендовать на получение безвозмездного гранта в размере 200 МРП или льготного кредита под 6%.

К слову, с 2017-2020 годы по проекту «Бастау Бизнес» обучились 13 505 жителей Алматинской области, из них 5 137 проектов получили финансирование на общую сумму 74,2 млрд тенге.

По словам руководителя отдела занятости населения Управления координации занятости и социальных программ Алматинской области Алии Есимжановой, в текущем году по области запланировано создание 49 979 рабочих мест, в том числе 26 258 постоянных рабочих мест. На сегодня уже создано свыше 14 тысячи рабочих мест, из них 11,6 рабочих мест созданы в рамках госпрограмм.

В 2021 году для реализации Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» было выделено 17,8 млрд тенге. Данные средства будут направлены на профессиональное обучение, микрокредитование, гранты, создание социальных рабочих мест.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГРЕК РИМ КҮРЕСІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Елордада 7-9 мамыр күндері грек-рим күресінен қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы, Еңбек ері Жақсылық Үшкемпіровті еске алуға арналған халықарлық турнир өтті.

Байрақты бәсекеге Қазақстан, Ресей, Грузия, Украина, Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінен екі жүз елуден аса спортшы жиналды. 2001-2003 жылы туылған жастар арасында өткен турнирде балуандар 55, 60, 63, 67, 72, 77, 82, 97, 130 келі салмақ дәрежелерінде бақ сынады. Үш күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте 5 алтын, 3 күміс, 13 қола жүлдемен Қазақстан жастар құрамасы бірінші орынға жайғасты. Екінші орынды 3 алтын, 2 күміс, 5 қола медальмен Грузия құрамасы иеленсе, үздік үштікті 1 алтын, 3 күміс, 1 қола жүлдемен өзбекстандық палуандар қорытындылады. Жарысқа келген шет елдік команда өкілдері турнирдің ұйымдастырылу деңгейіне жоғары баға берді. «Біз бұл турнирге үшінші жыл қатарынан қатысып келеміз. Былтыр карантин салдарынан жарысқа қатыса алмадық. Осы жолы өзіміздің мықты құраманы алып келдік. Себебі бұл турнир Еуропа чемпионатының алдындағы дайындық турнирі. Жарыс өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Барлығы ойдағыдай өтті. Ұйымдастырушыларға рахмет», - деді Грузия жастар құрамасының бапкері Гогелия Тамаз. Қырғызстан күрес федерациясының вице-президенті Нурланбек Исмаилов Жақсылық Үшкемпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайын ерекше атап өтті: «Қанша елдерге барып жүрмін солардың ішінде Қазақстанда жарыстың ұйымдастырылу деңгейі өте жоғары. Турнирді Халықарылық дәрежедегі төрешілер бағалады. Бұл да ұйымдастырушылардың барлығын жан-жақты қарастырғанын білдіреді. Сондай-ақ «Жекпе-жек» спорт кешенін ерекше атап өткім келеді. Спортшыларымыз бен жаттықтырушылар құрамы осы жерде тұрып, тамақтанып, жарысқа да аталған спорт кешенінде шықты. Барлығы бір жерде болғаны команда үшін өте қолайлы болды. Біз жыл сайын Жақсылық ағамыздың жүлдесіне арналған турнирге келетінбіз. Енді міне даңқты спортшымыздың еске алу турниріне келдік. Сол жағы өте өкінішті. Ағамыз мәңгі біздің жүрегімізде» - деді Нурланбек Исмаилов өз сөзінде. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен Халықаралық турнир карантин талаптарына сай жанкүйерлерсіз ұйымдастырылды.

Prosports.kz

ВЕЛОСПОРТ

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНДА ТРЕКТЕГІ ВЕЛОСПОРТ ӨКІЛДЕРІ КРИТЕРУИМНАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІН ӨТКІЗДІ.

Екінші тур нәтижесі бойынша жерлесіміз Андрей Ремхе алға шығып, бірінші орынды қанжығасына байланды. Екінші орынды қарағандылық Степан Астафьев иеленсе, үшінші сатыдан шымкенттік Сұлтанмұрат Миралиев көрінді.

Екі тур қорытындысы бойынша Миралиев бірінші орында келеді.

ФУТБОЛ

Футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің онынші турында тағы бір ойын мәресіне жетті.

«АҚТӨБЕ» «ЖЕТІСУДАН» БАСЫМ ТҮСТІ

Бұл кездесуде Талдықорғанда жергілікті «Жетісу» клубы «Ақтөбені» қабылдады. Ойын барысында есепті алғаш болып алаң иелері қатарынан Равиль Атыханов 6-минутта ашты. Одан кейінгі кезекте «Ақтөбе» сапынан Юрий Перцух 10, Игорь Сергеев 31, 71, 74, Боян Дубайчич 60-минутта гол соғып, олар ірі есеппен жеңіске жетті.

«Ақтөбе» алаң иелерін 5:1 есебімен жеңді. «Жетісу» жеңілістер сериясын бес ойынға жеткізді. Турнир кестесі бойынша ең соңғы орында тұр.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЕРКІН КҮРЕС

ЕРСҰЛТАННЫҢ ЖЕҢІСІ

Ұлы Жеңіс мерекесіне орай Алматы қаласында жасөспірімдер еркін күрестен чемпионат өтті.

Жарыс кезінде ептілігін көрсеткен Ерсұлтан Сатыбалды II орын иеленді. Алматы облысы, Сарқан қаласына қарасты Абай атындағы мектеп-гимназияның 4-сынып оқушысы мектеп қабырғасына келгеннен бастап еркін күреспен шұғылданады. Жаттықтырушысы Балабеков Дастан әлі талай жеңісті бағындыратынын атап өтті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БОКС

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Алматыда бокстан әлем чемпионатынан жүлделі оралған жастар марапатталды.

Қазақстан Бокс федерациясының басшылығы оларға жетістігі үшін алғыс білдіріп, естеліктер сыйлықтар мен ақшалай сертификаттар табыс етті. Польшаның Кельце қаласында өткен бәсекеде жерлестеріміз жиыны 10 медаль жеңіп алды. Елордалық Санжар Тәшкенбай мен қарағандылық Сабыржан Аққалықов ел мерейін асырды. Екеуі де турнирдің чемпионы атанды. Өзге спортшылар да төрт күміс, төрт қола медаль еншіледі.

ХАБАР 24

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

АЛМА ҚАБЫҒЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

АҚШ-ның Айова университетінен Др. Б. Адамстың жетекшілігімен жасалған зерттеу алма қабығы арықтауға көмектесетіні белгілі болды. Алмадағы урсол қышқылы майды еріту мен бұлшық етті нығайтуға көмектесетін көрінеді.

Тышқанға жасалған тәжірибеде алманың бұлшық етті 15% көлем қосатыны және денедегі майдың жартысынан көбін азайтқаны анықталды. Урсол қышқылдың тышқандарда бұлшық ет тығыздығын арттырғанымен, жалпы дене салмағын арттырмағаны да анықталды. Осы себепті алма арықтау үшін жақсы жеміс болмақ.

Алманың пайдалары осымен бітпейді. Жүйелі түрде алма жеу қан шекерін, холестеринді және зиянды май қышқылдарының деңгейін азайтады.

Др.Адамс алманың әсіресе уақыт өте келе бұлшық еті азайған қарттар үшін пайдалы екенін, яғни атрофия деп аталатын бұл аурудың "ауру кезде немесе кәрілікте" қатты әсер ететінін және оның емі жоқ екенін атап өтті.

Атрофия ауруына кедергі бола алатын элементтердің алманың қабығында мол болатындығы мәлімденді.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАНТ НЕГЕ ТІСКЕ ЗИЯН?

Қанттың тіске зиян екенін бәріміз естігенбіз. Аристотельдің өзі қанттың, дәлірек айтқанда, тәтті әрі жұмсақ інжірдің тісті құртатынын байқаған. Бірақ ғалымдар тіске зиянын тигізетін қанттың өзі емес екенін айтады. Қантты жегенде пайда болатын ағзадағы өзгеріс тісті бұзатын көрінеді.

Мәселе мынада. Адам аузында бактерия көп болады. Олардың кейбірі тіске пайдалы, ал кейбірі керісінше зиян. Кейінгі зерттеулер көрсеткендей, белгілі бір бактериялар тобы адам тәттіні көрген, жеген кезде, көбейіп кетеді де, ауызда көп мөлшерде қышқыл бөлінеді. Әсіресе, тәттіні жақсы көретін екі бактерия бар: Streptococcus mutans және Streptococcus sorbrinus.

Сол қышқыл тістің минералын құртады. Содан тістің қорғаныш қабаты бұзылады. Бұл процесс ғылымда деминерализация деп аталады.

Адам ағзасының ауыздағы қышқылдың көп бөлінуіне қарсы тұрарлық қасиеті бар. Мәселен, ауызда қышқыл көбейген кезде, ағза оған қарсы сілекей бөледі. Сілекейдің құрамында кальций мен фосфор сынды элементтер бар. Ол тістің минералын қалпына келтіреді.

Алайда мұның да шегі бар. Қаншама сілекей бөлінсе, оның минералды заттары тісті қалпына келтіре алмайтындай күйге түсуі мүмкін. Содан деминерализация процесі күшейеді. Кішкене ғана шұрықтың өзі үлкейіп, бүкіл тіс шіріп кетеді.

Сондықтан дәрігерлер "тәтті нәрсені аз жеу, әсіресе, қант пен газ қосылған сусындардан алыс жүру керек" деп кеңес береді.

Жақында жүргізілген зерттеудің бірі көрсеткендей, тәтті сусынды аз емес, мүлде ішпеген жөн. Өйткені кішкене ішкеннің өзінде тіске зияны бар көрінеді.

АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕ

ӨМІР КЕСЕСІ

Бірде Ұстаз менен сұрады:

- Ауаның дәмін сезіне аласың ба?

Орман ауасын сіміре жұттым да, бірнеше иіс түрін айтып бердім.

- Иә, иіс сезуің жаман емес. Ал дәмге келсек?

Иттерге ұқсап тілімді оңды-солды ауыз қуысында жыбырлатып та көрдім, алайда, сол күйі түсіне алмай дал болдым.

- Жақсы, - деп Ұстаз күлді де, артыман бас салып қысып, ауыз бен мұрнымды алақанымен жауып тұрды.

Қарсыласудың сол сәтте түк те шешпейтінін түсіндім. Бірақ бір минут өтер-өтпесте өмір сақтау түйсігі тұла-бойды тыпырлатып, қарсылық көрсете бастады. Сонда барып қана Ұстаз мені еркіме қойды. Ал мен болсам, Өмірді кеуде кере жұтуға айналдым.

- Өмірдің дәмі, - дедім мен, жөнге келіп.

- Дұрыс. Осы дәмді үнемі сезініп жүруің тиіс. Бұл дәм суда да, тамақта да, сосын тағы да көп нәрселерде бар. Есіңде болсын, дәмі жоқ тағамды жеуші болма. Жан-жүрегі өлген адаммен әңгіме соқпа. Өмір кесесінен рахаттана шөліңді қандыр, бірақ, асықпа, себебі, уақытынан бұрын кесені бос қалдыруың да мүмкін, төгіп алуың да ғажап емес.

ТӘМСІЛ

ҚАЛАМГЕР ӘКЕНІҢ ҚАТЕЛІГІ

… Қылмысты болған жас жігіттің түрмеге түсер алды. Сот төрағасы оның әйгілі қаламгердің баласы екенін жақсы біледі екен. Ел таныған құрметті кісінің атына кір келтірген баласын ұялтпақ болып, сот жаза кескеннен соң бірнеше сұрақ қойыпты:

– Әкең есіңде ме?

– Иә, бәрі де жақсы есімде! – дейді жігіт. Оның ар-ұятын оятпақ болған сот төрағасы:

– Сондай атақты жазушының ұлысың ғой. Әкең туралы есіңде қалған нақты бір оқиғаны айтып берші. – дейді. Соттың ойы жазушының жұртқа тағылымды бір өнегесін естіп қалмақ. Бірақ, жігіттің айтқан оқиғасы мүлде басқаша өрбіпті.

– Менің есімде ұмытылмастай сақталған және ең көп қайталанған мына жағдай. Ақыл-кеңес сұрамақ болып әкемнің жанына бара қалсам, ол ылғи қағазға шұқшиып жазып отырады. Шаруамды айта бастасам: «Әй, көріп тұрсың ғой, менің қолым тимейді. Кет әрі! Мазамды алма! Мен қайтсем де мына кітапты жазып бітіруім керек» деп айғай салып, қасынан қуып тастайтын. Сіздер үшін ол кісі заңғар жазушы шығар, ал, мен үшін көптен көрінбей кеткен жүзтаныс достарымнан артық емес, – деп жауап беріпті.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Махаббат деген қасиетті күш. Дүниеде махаббат болмаса, адам баласы қуаныш пен қайғының, бақыт пен бақытсыздықтың не екенін білмей өтер еді.

Ілияс Есенберлин

Бақыт қонған ерлердің әрбір ісі оң болар,
Дәулеті күнге артылып, не қылса да мол болар.

Асан қайғы

Бәрінен де тек қана өзіне бағынышты адам бақытты.

Цицерон

Біз бақытты болмай, ол сөзді қолдануға құқылы емеспіз.

Бернард Шоу

Адамның ең ұлы қасиеті - бақытты болуға талпынуы

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Қайғыны жалғыз көтеруге болады, бірақ бақытқа екеу керек.

Элберт Хаббард

Әр адамның мінезі басқалардың бақытына әсер етеді, демек ол пайда немесе зиянын тигізетін сипатқа ие.

Адам Смит

Ең ғажап қала — ол адамның бақытты болған жері.

Ремарк Эрих Мария

Қолынан келетін, істеуге тиісті ісін істей алатын адамды бақытты, әрі тамаша адам деуге болады.

Леонардо да Винчи

Сезім әлемінде бір ғана заң бар - сүйгеніңе бақыт құрау.

Стендаль Фредерик

Бір адамды бақытты етіп, жүзіне - мұң көлеңкесін, жанына - қайғы ізін түсірмеу әркімнің қолынан келеді.

Сағатхан Әшімбаев

Еңбек – бақыттың атасы

Бенджамин Франклин

Ақылды кісілердің бақытты болғаны өте сирек.

Эрнест Хемингуэй

Материалдар «massaget.kz» сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 483
Индекс 15534